



ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ ІСІ ЖАЛҒАСАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржылық мониторинг агенттігінде жиын өткізді.

Президент алдымен сала мамандарын кәсіби мерекесімен құттықтап, осыдан бес жыл бұрын, ел ішінде ауқымды өзгерістер қолға алынып жатқан тарихи кезеңде құрылған Қаржылық мониторинг агенттігі өзіне жүктелген жауапкершілік пен міндетті абыроймен орындап келе жатқанына назар аударды.

— Жалпы, осындай қысқа мерзім ішінде көп жұмыс істелді, біраз тәжірибе жинақталды. Бүгінде Қаржылық мониторинг агенттігі еліміздің экономикалық және ұлттық қауіпсіздік жүйесінде маңызды рөл ат

қаратын дербес құрылымға айналды. Мұны табанды еңбек пен адал қызметтің нәтижесі деуге болады. Агенттік қызметкерлеріне ризашылығымызды білдіреміз. Бірақ босансуға болмайды. Себебі алдымызда биік мақсаттар мен ауқымды жұмыс бар. Әсіресе, қазір өте қарқынды дамып жатқан цифрлық технология мен жасанды интеллект дәуірінде жұмысқа түбегейлі жана көзқараспен қарау міндеті тұр. Бұл мәселе туралы «Turkistan» газетіне берген сұхбатымызда және Ұлттық құрылтай отырысында анық айттым, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент құқық қорғау мекемелері, соның ішінде Қаржылық мониторинг агенттігі технологиялық тұрғыдан артта қалып қойса, ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіруі мүмкін деп санайды.

— Цифрлық тәсілдерді және жасанды интеллект жүйесін Агенттік қызметіне жаппай енгізу — кезек күттірмейтін аса маңызды міндет. Онсыз тиімді жұмыс болмайтыны анық. Қазір күштік құрылымдар мен қылмыс әлемінің арасындағы күрес технологиялық тұрғыдан мүлде басқа сипатқа ие болды. Қарақшылар, яғни қылмыскерлер жасанды интеллектіні белсенді пайдаланатын болды. Оны сіздер жақсы білесіздер. Құқық қорғау мекемелері, соның ішінде Қаржылық мониторинг агенттігі технологиялық тұрғыдан артта қалып қойса, бұл жағдай ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіруі мүмкін. Заман талабына сай озық болу үшін, ең алдымен, дұрыс шешім қабылдап, тиімді әрекет етуіміз керек. Құқық қорғау органдары тиянақты, белсенді жұмыс істеп, озық цифрлық шешімдер арқылы елдегі өзгерістердің жедел және сапалы іске асуына септігін тигізуі мүмкін. Бұл ауқымды экономикалық жаңғыру жолына бет бұрған Қазақстан үшін өте маңызды қадам болмақ, — деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 2-бетте)

ОТАНДЫҚ СТАРТАПТАРДЫҢ ЖЕТІСТІГІН ЖОҒАРЫ БАҒАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандық IT-кәсіпкерлер Ерзат Дулат пен Мұрат Әбдірахмановты қабылдады.



Президент Higgsfield AI стартапының техникалық директоры Ерзат Дулатпен және MA7 Ventures венчурлік платформасының негізін қалаушы Мұрат Әбдірахмановпен кездесіп, жасанды интеллектіні экономикаға, мемлекеттік басқару ісіне және

әлеуметтік салаға жүйелі түрде енгізу, сондай-ақ IT-кәсіпкерлікті, венчурлік және AI-индустрияны дамыту мәселелерін талқылады.

Президент Higgsfield AI стартапының жетістігін жоғары бағалап, елімізде жасанды интеллект сала-

сында жаһандық көшбасшы саналатын компанияның құрылуы зор табыс екенін айтты.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан IT саласындағы компаниялар тез арада іске қосылып, қарқынды түрде дамып, әлемдік нарыққа шығатын алаңға айналуы қажет. Бұл — негізгі міндет.

Ерзат Дулат Higgsfield командасының 95 пайызы қазақстандықтардан құралғанын, бұл жастардың әлеуетін танытатынын жеткізді. Сонымен қатар ол AI-индустрияға қажетті кадр даярлау және бірлескен білім беру бастамаларын жүзеге асыру ісінде мемлекетпен серіктес болуға дайын екенін растады.

Мұрат Әбдірахманов венчурлік индустрия мемлекеттердің технологиялық дамуының тетігі саналатынына тоқталды. Бұл орайда Қазақстанның жаһандық венчурлік индустрияның толық қатысушысы болуға мүмкіндігі зор.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Конституциялық комиссия төрағасы — Конституциялық Сот төрағасы Эльвира Әзімованы, Конституциялық комиссия төрағасының орынбасары — Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қаринді және Конституциялық комиссия мүшесі — Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаевты қабылдады.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯ ЖҰМЫСЫ БАЯНДАЛДЫ



Мемлекет басшысына Конституциялық комиссияның бұған дейін өткен отырыстарының нәтижесі туралы мәлімет берілді. Эльвира Әзімова комиссия қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында барлық отырыс медиакеністікте, соның ішінде арнайы Telegram арналары арқылы тікелей көрсетіліп жатқанын баяндады.

Конституциялық комиссия төрағасы жарты жыл бойы Конституциялық реформаларды қоғамдық талқылау өткізілгенін айтты. Электронды платформаға азаматтардан, құқықтанушы ғалымдардан, сарапшылар-

дан, заңгерлерден, саяси партиялардан, үкіметтік емес ұйымдардан, кәсіптік және бизнес қауымдастықтардан 2 мыңнан аса ұсыныс пен бастама келіп түскен.

Осыған дейінгі отырыстарда комиссия мүшелері Конституция преамбуласының түбегейлі жана редакциясын, бірқатар бапты және бөлімді әзірлеп, қарастырды.

Мемлекет басшысы алдағы конституциялық реформа еліміздің дамуына тың серпін беретінін атап өтті. Ал комиссия жұмысы Конституциялық реформаларды іске асыруда өте маңызды рөл атқаратынын жеткізді.

ҚҰТТЫҚТАУ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласындағы №95 мектеп-лицейі химия пәнінің мұғалімі Татьяна Белоусованы Global Teacher Prize халықаралық байқауының қорытындысы бойынша әлемдегі ең үздік 50 педагогтің қатарына енуіне орай құттықтады.

— Бұл жоғары баға — Сіздің өскелең ұрпаққа тағылымды тәрбие мен озық білім беру ісіне сіңірген ұзақ жылғы еңбегіңіздің жемісі. Біздің мақсатымыз — зияткер ұлтқа айналу. Сондықтан мемлекет әрдайым мұғалімдердің мәртебесін көтеріп, оларды жан-жақты қолдайды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

МЕМЛЕКЕТТІҢ МӘРТЕБЕСІ АЙШЫҚТАЛАДЫ

Елордада Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның төртінші отырысы өтті. 24 қаңтарда басталған талқылаулар Ата Заңға енгізілетін өзгерістерге қатысты ұсыныстар айтылатын алаңға айналып үлгерді. Барған сайын тақырыптардың ауқымы кеңейіп, мәні тереңдей түсуде.

Жалпы, Конституциялық комиссия бұл жолы көп өзгеріске жол ашқалы отыр. Мұны кезекті отырыста сөз алған Конституциялық Сот төрағасының орынбасары Бакыт Нұрмұхановтың сөзінен аңғардық. Жиында ол комиссия мүшелеріне Ата Заңға енгізілетін өзгерістердің жиынтық жобасын таныстырып шықты. Оның сөзінше, құжат азаматтардан, саяси партиялардан, қоғамдық ұйымдардан

және сарапшылардан түскен барлық ұсыныстардың негізінде әзірленген.

Жанартылған Конституция жобасында преамбула, 11 бөлім және 104 бап бар. «Халық кеңесі» және «Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу» атты екі жана бөлім қосылған. Тағы 4 бөлімнің атауы өзгерді. Осылайша, өзгерістер мен толықтырулар Ата Заңның барлық бөлім-

дерін қамтып, 77 бапқа түзетулер енгізілді. Бұл Конституция мәтінінің 84 пайызын құрайды.

— Ұсынылған өзгерістер — маңызды әрі ақылға мұқият салынған қадам, олар тұжырымдамалық тәсілдерді өзгертіп, құқықтық дәлдікті нығайтып, Конституцияның сапасын арттырады. Жиынтық жоба білікті заңгерлер мен лингвистерден құралған жұмыс топтарында қатар пысықталуда. Мамандар Конституцияның нормаларын дұрыс жазу, мағыналық сәйкессіздіктер мен қарама-қайшылықтарды, сондай-ақ түсініксіздіктерді болдырмау бойынша үлкен жұмыс атқарды. Жиынтық жобада ұсынылған новеллалар Қазақстанның конституциялық негіздерін қамтып,



оның келбетін түбегейлі өзгертеді. Бұл түзетулер көзделген институционалдық және құрылымдық реформалар үшін үлкен әлеуетке ие, — деді Б.Нұрмұханов.

Жана бастамаларға зер салсақ, Қазақстанда адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру және қорғау кепілдіктері күшейтілмек. Президенттік басқару формасын сақтай

отырып, мемлекеттік билік құрылымы айтарлықтай өзгереді.

Негізгі өзгерістердің бағыты белгілі: жана бір палаталы Парламент моделі енгізіледі, азаматтардың мемлекеттік басқаруға қатысу мүмкіндіктері кеңейеді, Конституциялық соттың құқық қорғау тетіктері мен Ата Заң негізінде құқық үстемдігі қамтамасыз етіледі.

(Жалғасы 4-бетте)

ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ ІСІ ЖАЛҒАСАДЫ

(Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет қаржысын жымқыратын алаяқтармен күрестің маңыздылығына тоқталды.

— Біз елімізді дамытуға арналған қаражатты тиімді жұмсаудың амалын іздеп қиналамыз. Бірақ соған қарамастан әлеуметтік сапаға бөлінген триллиондаған теңге қаржыны жымқыратын алаяқтар бар, тіпті, аз емес деп айтуға болады. Бұл — мүлде ақылға сыймайтын жағдай. Мұндай кеселді түп-тамырымен жою керек. Қаржыны криптовалютаға айналдырып, шетелге шығару жағдайлары да азаймай тұр, ондай заңсыздыққа тосқауыл қою қажет. Мұндай теріс ахуал экономикаға орасан зор зардабын тигізуде. Түптеп келгенде, көлеңкелі экономикамен үзілді-кесілді күресу керек. Бұл да — өте өзекті, аса маңызды міндет. Қаржылық мониторинг қызметінің алдында тұрған міндет белгілі: бұл — мемлекет қаржысының тек қана ел игілігіне жұмсалуын қадағалау. Осы маңызды міндеттің сапалы іске асуы сіздердің қызметтеріңізге тікелей байланысты, — деді Мемлекет басшысы.

Президент мемлекет Агенттік қызметкерлерінің тиімді әрі алаңсыз жұмыс істеуі үшін қажетті жағдай жасап жатқанын атап өтті.

— Қадрлық құрам ұлғайып, нығая түсті, материал-дық-техникалық қор жақсарды. Жалақы көтерілді, баспана берілді, жалпы, көптеген әлеуметтік мәселе шешімін тапты. Керек болса, Агенттік жүйесіне үш генерал шенін қосуға болады деп ойлаймын. Бұл шешім облыстарда жұмыс істеп жүрген нағыз үздік қызметкерлердің мәртебесін көтеруге мүмкіндік береді. Енді тек білек сыбана жұмыс істеу керек. Әрине, нақты жетістіктер де бар. Халықаралық ынтымақтастық нығайып келеді. Еліміз Financial Action Task Force ұйымының тексерісінен сәтті өтті. Қазақстан 2023 жылдан бері «Эгмонт» тобының қаржылық барлау бірлестігінде Еуразия аймағының мүддесін қорғайды. 20 ірі криптобиржамен сындарлы серіктестік орнатылды. Елімізде блокчейн-талдаумен айналысатын «Криптоп» арнайы құрылымдық бөлімшесі ашылды. Бұл — Орталық Азия елдерінде құрылған осындай алғашқы бөлімше. Былтыр қаржыны қолма-қол ақшаға айналдыратын 200-ге жуық жалған компания әшкереленді. Олардың заңсыз айналымдағы қаражаты 500 миллиард теңгеден асады. Сексеннен астам қылмыстық топ құрықталды. 100-ден астам қаржы пирамидасы жойылды. Мұның бәрі еліміздің экономикалық қауіпсіздігін нығайта түскені сөзсіз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы ЖИ мүмкіндігін пайдаланып, талдау-сараптау жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

— Мен жақында «Құқық бұзушылық профилак-тикасы» туралы заңға қол қойдым. Бұл заңға сәйкес, Агенттік алғаш рет экономикалық қылмыстың алдын алумен айналысатын толыққанды құрылым ретінде көрсетілді. Осыған орай қылмыстың алдын алуға қажетті жана әрі тиімді шаралар қажет. Көп жағдайда келтірілген залалды өтеу мәселесі он шешімін таппай жатады. Сол себепті қылмыстың салдарын емес, себебін анықтап, онымен күресу маңыздырақ. 2023 жылы шығын көлемі 325 миллиард теңгеге бағаланды. Оның 53 миллиард теңгесі немесе шамамен 16,5 пайызы қайтарылды; 2024 жылы шығын көлемі 4,4 триллион теңгеге бағаланды. Оның 236 миллиард теңгесі немесе 5,5 пайызы қай-тарылды; 2025 жылы шығын көлемі 135 миллиард теңгені құраған, яғни айтарлықтай азайған. Оның 20 миллиард теңгесі немесе 15 пайызға жуығы қайтарылған. Алдын алу шаралары шын мәнінде тиімді болу үшін цифрлық талдау тәсілдерін барынша дамытқан абзал. Агенттікке тиесілі ақпараттық жүйе ауқымды деректерді талдауға мүмкіндік береді. Сол арқылы бюджет қаржысын үнемдеуге болады. Осы ақпараттық жүйенің аясын кеңейте түсу қажет, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, алдымен әлеуметтік салада қалыптасқан қаржылық жағдайды ретке келтіру керек.

— Әсіресе, білім беру, денсаулық сақтау сияқты ұлт болашағына әсер ететін, үнемі халқымыздың назарында болатын маңызды салаларға баса мән берілуге тиіс. Осыған дейін де айтып өттім, жалпы



әлеуметтік салада заңбұзушылықтар аз емес. Қаржы операцияларына мониторинг жүргізу кезінде нақты нәтижеге қол жеткізу үшін заманауи тәсілдерді ұтымды пайдалану қажет. Басты мақсат — бәрін жаппай тексеру емес, ел экономикасына қауіп төндіретін сын-қатерлерді дер кезінде анықтап, тиісті шаралар қабылдау. «Шаш ал десе, бас алып», шектен шығуға болмайды. Кайталап айтамын: Агенттік қызметкерлерінің міндеті — қаржы ұйымдарын жаппай тексеру емес, керісінше экономикаға төнген қауіптің бетін қайтарып, тойтарыс беру үшін уақытылы шара қабылдау. Бұл ретте цифрлық жұмыс тәсілдері ауадай қажет. Бірақ жасанды интеллектіге ғана емес, өз ақыл-ойларыңызға да сенген артық етпейді. Адамдар ЖИ-ге арқа сүйей бастағанын, тіпті баяндамаларын да өздері жазбай, оны Grok пен ChatGPT-ге тапсыратынын байқаймын. Яғни, адамдар дұрыс оқуды, тиісті білім алуды емес, интеллектіні түрлі нұсқада қалай пайдалануды үйренуде. Мұның салдары ауыр болады. Қаржылық барлау қызметкерлерінен нағыз жауапкершілік пен жасампаздық тұрғысынан қарайтын отаншылдықты талап етемін. Мұндай қасиетке ие адамдар жемқорлықтан, ашкөздіктен, сауатсыздықтан ада болуға тиіс. Сауатсыз, әсіресе ашкөз, көрсексызар, жемқорлыққа бейім адам ешқашан патриот бола алмайды. Әрине, ол өзін патриот санауы, алаулатып, жалаулатып сөйлеуі мүмкін. Алайда ол патриот емес және оны бәрі біледі. Сондықтан бұл арада отаншылдықты дұрыс түсіне білгеніміз абзал. Мен бұл жөнінде Қызылордада өткен Ұлттық құрылтай отырысында айттым. Қазіргі уақытта жана Конституцияның мазмұнын қарап жатырмыз. Біз осы өзгерістер аясында патриотизм туралы ұғымды нақтылап, жауапкершілікке әрі жасампаздыққа құрылған отаншылдықты айқындай аламыз деп ойлаймын. Нағыз патриот барлық жерде, ол Қаржылық мониторинг агенттігі немесе мемлекеттік меншіктегі кәсіпорын болсын, жеке кәсіпкерлік нысаны, университет, мектеп болсын, адал еңбек етуге тиіс. Әркім өз жұмысын жақсы атқарса, оны патриот деп санаймыз. Жалпы, тексеру шаралары мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелеріне қатысты жұмысқа кесірін тигізбеуі керек. Бюджет қаражатын уақытылы игеруге де кедергі келтірмеуі қажет. Ақпараттық, коммерциялық қауіпсіздікті және жеке деректерді қорғау мәселесін назарда ұстаған жөн, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Агенттіктің кәсіпкерлермен жұмыс тәсілін қайта қарауға шақырды.

— Бизнестің дамуын тежейтін кедергілерді жою керек. Бұл бағытта біраз жылдан бері жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Бірақ «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасынан, жекелеген бизнес өкілдерінен әлі де арыз-шағым түсіп жатыр. Барлық құқық қорғау органы бизнеске заңсыз кедергі келтіру мемлекет мүддесіне қарсы ауыр қылмыспен

пара-пар екенін түсінуге тиіс. Бұл, ең алдымен, Қаржылық мониторинг агенттігіне қатысты. Маған аймақтарда қара басының қамы үшін заңды бизнесті тоқтату тәжірибесі әлі де бар деген шағымдар келіп түсіп жатыр. Ескертемін: егер әлгіндей мәліметтер расталса, заңға сәйкес жауапқа тартып, келтірілген шығынды өндіріп алу үшін қатан шаралар қабылданады. Былтыр Агенттік тергеу жүргізген қылмыстық істердің 40 пайызы, яғни мыннан астамы негізсіз деп тоқтатылған. Мысалы, 2025 жылы Агенттік 2 710 іс қозғаған, оның 1 061-інде күдіктілер ақталып, іс тоқтатылған. Бұл жай ғана көрсеткіш емес. Осындай істердің салдарынан кәсіпкерлер шығынға ұшырайды, олардың іскерлік беделіне нұқсан келеді, еңбек ұжымдарының берекесі қашады. Мұның бәрі бизнестің дамуын тежейді, елдегі инвестициялық ахуалға зардабын тигізеді. Сондықтан кәсіпкерлермен қарым-қатынас орнату тәсілдерін қайта қараған жөн. Өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай, ақылға қонымды тепе-теңдікті сақтай білу қажет. Кәсіпкер қаржы заңнамасын бұзған жағдайда оның шаруашылық қызметін бірден тоқтатып тастауға болмайды. Шектеу шараларын құқықбұзушылықтың деңгейіне сәйкес ерекше жағдайларда ғана қолдану керек. Кәсіпкерлер де заң талаптарын қатан сақтауға міндетті. Мемлекеттің оң көзқарасы мен қорғауын пайдаланып, салықтан жалтаруға, алаяқтық схемалар жасауға болмайды. Алаяқтыққа мүлдем қол бермейміз, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев көлеңкелі экономикамен күресті жандандыру мәселесіне назар аударды.

— Жана салық саясаты күшіне енгілі бері нақты айналымды жасыру үшін қолма-қол төлем көлемінің артқаны туралы мәліметтер келіп түсті. Бөлшек саудамен айналысатын саудагерлер тауардың ақысын қолма-қол ақшамен немесе аударым арқылы төлегеніне қарай салық сомасын шегеріп, екі түрлі баға айта бастады. Бұған, әрине, көз жұма қарауға болмайды. Өйткені мұндай әрекеттер мемлекеттің салықты әкімшілендіру тетіктерін жетілдіру бағытындағы еңбегін зия кетіреді. Кірісті жылыстату және капиталды астыртын криптооперациялар арқылы заңсыз шығару проблемаға айналды. Бүгінде дейін 62 миллиард теңгеден астам қаржы айналымы бар 130 заңсыз криптоалмасу қызметі жойылды. Осы істердің аясында 2,6 миллиард теңгенің мүлкіне тыйым салынды. Бұдан бөлек, әлеуметтік желілерде ақшаны криптоға айырбастау жарнамасы тыйылмай тұр. Демек, мәселе түбегейлі шешімін таппаған. Халықаралық ұйымдардың бағалауынша, еліміз сыртқа шығарылған капиталдың көлемі жағынан «көш бастап тұрған мемлекеттердің» бірі. Ал осындай қылмыс үшін сотталғандар жокқа тән. Капиталдың заңсыз сыртқа кетуі экономикалық қауіпсіздігімізге тікелей қатер төндіреді. Агенттік аталған мәселелер бойынша нақты ұсыныс енгіз-сін, — деді Президент.

Мемлекет басшысы қаржылық алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың жана тәсілдерін ойластыру қажет екенін айтты.

— Агенттік қаржы пирамидаларымен белсенді күрес жүргізіп жатыр. Тек былтырдың өзінде 140-тан астам қылмыстық іс тергеліп, жарты миллионнан аса адамның қаржысын тартпақшы болған 15 мың сайт пен 123 чат жабылды. Алайда қабылданып жатқан шаралар да, түсіндіру жұмыстары да жағдайды түбегейлі өзгерте алмай тұр. Әйтсе де, оң үрдіс бар. Неге? Өйткені алаяқтар пирамиданы түрлі қаржы құралдары сияқты ұсынады. Ал азаматтар олардың арбауына түсіп, бар тапқан-таянғанынан айырылып қалып жатыр. Сондықтан қаржылық алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың тиімді шараларын әзірлеп, проблеманың түп-тамырын анықтаған жөн. Өз әрекетінің заңсыз екенін біле тұра, адамдарды түрлі алаяқтық схемаларға тартатын пирамида қатысушыларына құқықтық жауапкершілік енгізу мәселесін қарастыру қажет. Мұндай алаяқтарды немесе қымсынбай қылмысқа баратын жандарды түрмеге қамап, қылмыстық жазаға тарту керек. Егер Қаржылық мониторинг агенттігі, Үкімет осындай түзетулерді ұсынса, мен қолдаймын. Мәселені қарастырыңыздар. Осы тектес батыл шешімдер қабылдмасак, ахуалдың оңала қоюы екіталай. «Баяғы жартас — сол жартас» күйінде қала береді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент есірткі бизнесімен күресті күшейтуді талап етті.

— Өкінішке қарай, қазір есірткі саудасынан түскен табысты тексеру жұмысының тиімділігі төмен. Қылмыскерлердің заңсыз жолмен тапқан жеке мүлкімен қатар, басқа адамдардың атына рәсімдеген мүлкі де мемлекетке қайтарылуға тиіс. Қысқасы, қылмыстық жолмен иемденген мүліктің бәрін тәркілеу мәселесін мұқият пысықтаған жөн. Занды тұлғалардың құмәнді табастарды заңдастыруына қатысты жазаны күшейту керек. Бұл қадам халықаралық стандарттарға толық сай келеді, — деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы сөз соңында Агенттік алдын-да көптеген күрделі әрі маңызды міндет тұрғанын атап өтті.

— Сіздерге жүктелетін жауапкершілік — өте жоғары. Агенттік Бас прокуратурамен, Ұлттық қауіп-сіздік қызметімен, Ішкі істер министрлігі секілді басқа да құқық қорғау органдарымен түлгейлі әрекет етуі керек. Оларда Қаржылық мониторинг агенттігіне қолдау көрсетуге тиіс. Құзыреттік міндеттердің қайталануы, жөн-жосықсыз бәсеке, бақталастық мемлекет мүддесіне зардабын тигізеді. Әлемде стратегиялық белгісіздік белен алған қазіргідей жағдайда бұл өте қауіпті. Ұлттық мүддемізге зиян келтіруге жол беруге болмайды. Үнемі айтамын: «Тәуелсіздік — бөрінен қымбат». Мұны баршамыз, Қаржылық мониторинг агенттігінің қызметкерлері әрдайым есте ұстауы керек. Әр қызметкер, ең алдымен, адал азамат және мықты маман болуға тиіс. Ар тазалығын сақтау, Отан алдындағы антқа берік болу — парыз. «Заң мен тәртіп» қағидаты — көпшілікке қарата айтылған ұран емес, бұл — әрбір мемлекеттік қызметшінің, әрбір адамның өзінен басталуға тиіс саналы қадам. Біз Әділетті, Қауіпсіз, Күшті, Таза әрі Озық Қазақстанды құрып жатырмыз. Ауқымды өзгерістердің келесі — шешуші кезеңіне қадам бастық. Конституциялық реформаны қолға алдық, бүгінде Комиссия белсенді түрде жұмыс істеп жатыр. Барлық ұсыныс мұқият сарапталды, түзетулердің жобасы әзірленеді. Халық бұл жобамен танысып, референдумда түбегейлі шешім қабылдайды. Осылайша, елімізде жана қоғамдық-саяси жүйе қалыптасады. Ел ішіндегі тұрақтылықты сақтауға, инвестициялық ахуалды жақсартуға және халықтың әл-ауқатын арттыруға арналған жұмыс тың қарқынмен жалғасады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жиында Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Элиманов ведомствоның атқарған жұмыстары мен алдағы жоспары жөнінде баяндама жасады.

Президент қызметтік борышын үлгілі атқарғаны үшін Қаржылық мониторинг агенттігінің бір топ қызметкерін мемлекеттік наградами марапат-тады.

КӨПҚЫРЛЫ ҮНТҮМАҚТАСТЫҚТЫҢ КЕЛЕШЕГІ ЖАРҚЫН

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Израиль Мемлекетінің Сыртқы істер министрі Гидеон Моше Саармен кездесті. Кездесуде тараптар халықаралық ынтымақтастықты нығайту мәселелерін талқылады. Сондай-ақ парламентаралық байланысты кеңейтудің басым бағыттарына тоқталып, бірлескен жобаларды іске асыру барысына назар аударды.

Мәулен Әшімбаев мейманға ілтипат білдіре отырып, Қазақстан мен Израиль арасындағы көпжылдық әрі көпқырлы ынтымақтастық жүйелі түрде дамып келе жатқанын атап өтті және парламентаралық өзара іс-қимылдың әлеуеті зор екенін тілге тиек етті. Сондай-ақ Сенат Төрағасы Израиль Президентінің Астанаға жасайтын алдағы ресми сапары екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға тың серпін беретініне сенім білдірді.



«Қазақстан мен Израиль арасында, ең алдымен, жоғары деңгейде сындарлы саяси диалог орнағанын атап өткен жөн. Биыл қаңтар айында Мемлекет басшысы

Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Израиль Премьер-Министрі Биньямин Нетаньяхумен телефон арқылы сөйлесті. Әңгіме барысында Қазақстан мен Израиль

арасындағы қарым-қатынастардың оң динамикасы жан-жақты талқыланды. Бүгінде біз Қазақстан Парламенті мен Израиль Кнессеті арасындағы тығыз қарым-қатынасты дамытуға, сондай-ақ, инновациялар, ауыл шаруашылығы және су ресурстарын басқару салаларындағы аннамалық тәжірибелеріңізді зерделеуге мүдделіміз», — деді Палата Спикері.

Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев Қазақ-стан Президентінің Ибраһим келісімдеріне қосылу жөніндегі бастамасына назар аударды. Бұл қадам мұсылман елдері мен Израиль арасындағы дипломатиялық және экономикалық байланыстарды нығайтуға бағытталған.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстанның Ибраһим келісімдеріне қосылуы жөніндегі бастамасын Таяу Шығыста бейбітшілік орнату жолындағы маңызды қадам деп есептейміз. Бұл шешім біздің теңгерімді, сындарлы және бейбітшілікке табан тіреген сыртқы саясатымызға толық сәйкес келеді. Аталған бастама Америка Құрама Штаттарымен, Израильмен және араб елдерімен көпжақты өзара іс-қимылды нығайтып, сындарлы диалогқа

қажетті кеністік қалыптастырады деп се-немін», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан реформаларға, оның ішінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың әлеуметтік-экономикалық және саяси бастамаларының орындалу барысына тоқталды. Атап айтқанда, экономиканы әртараптандыруға, біртұтас әрі орнықты ұлттық цифрлық экожүйе қалыптастыруға бағытталған шаралар және алдағы консти-туциялық реформа мәселелері сөз болды.

Жалпы, кездесу өткен бұл күн Халық-аралық Холокост құрбандарын еске алу күнімен тұспа-тұс келіп отыр. Осыған байланысты Мәулен Әшімбаев болашақ ұрпақ үшін гуманизм мен бейбітшілік идеяларын қорғау және аталған қасіретті ұмытпау аса маңызды екенін айтты. Осыған байланысты тараптар рухани дипломатияның артып келе жатқан рөлі мен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі аясындағы ынтымақтастық бағыттарын талқылады.

Өз кезегінде Гидеон Моше Саар Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси және әлеуметтік-экономикалық реформаларға жоғары баға беріп, ынтымақтастықты одан әрі кеңейтіп, нығайтуға мүдделі екенін жеткізді. Инфрақұрылым, фармацевтика, ауыл шаруашылығы, тамақ өнеркәсібі, ақпараттық технологиялар, цифрландыру және жасанды интеллект салаларындағы бірлескен жобаларға да ерекше мән берілді.

«ЖАСЫЛ» ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДАҒЫ КЕЛІСІМДІ РАТИФИКАЦИЯЛАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар Қазақстан мен Қытай Үкіметтері арасындағы жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) саласындағы жобаларды іске асыру туралы келісімді, сондай-ақ Түркі мемлекеттері ұйымының Азаматтық қорғау тетігін құру туралы келісімді ратификациялады.

2024 жылғы 12 қарашада Баку қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) саласындағы жобаларды іске асыру туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобасын депутаттарға Энергетика министрі Ерлан Ақкенженов таныстырды.

— Бұл келісім тұрақты әрі «жасыл» энергетика саласындағы екіжақты ынтымақтастықты дамытудың маңызды кезеңі болып саналады. Келісімнің мақсаты — ұзақмерзімді және өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту, энергия өндіру мен жинақтаудың заманауи технологияларын енгізу, сондай-ақ еліміздің өңірлерінің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу, — деді министр.

Оның айтуынша, келісім аясында жалпы қуаты 1,5 ГВт болатын үш жел электр стансасын және қуаты 300 МВт болатын бір күн электр стансасын салу жоспарланып отыр. Энергетика министрі бұл жобалар мемлекетаралық ынтымақтастық шеңберінде Қазақстанда іске асырылып жатқан ЖЭК саласындағы ең ауқымды жобалардың қатарына жататынын атап өтті. Жобаларды Павлодар, Қарағанды және Түркістан облыстарында жүзеге асыру көзделген.



Заң жобасы бойынша жұмыс тобының жетекшісі, Мәжілістің Экология мәселелері және табиғатты пайдалану комитетінің төрағасы Еділ Жаңбыршин өз сөзінде аталған Үкіметаралық Келісім Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көтеріп жүрген климаттық саясат, экология және энергетикалық қауіпсіздік бағыттарымен тікелей байланысты екеніне назар аударды.

— Қазір Қазақстанның энергетикалық жүйесі күрделі кезеңнен өтуде. Электр қуатына деген сұраныс жыл санап артып келеді, ал ең жоғары жүктеме сағаттарында жекелеген өңірлерде энергия тапшылығы байқалады. Генерация құрылымында көмірге тәуелділіктің жоғары болуы экологиялық жүктемені арттырып қана қоймай, энергиялық жүйенің маневрлік және теңгерім мүмкіндіктерін шектейді.

Мұндай жағдайда жаңартылатын энергия көздерін дамыту — таңдау емес, объективті қажеттілік, — деп атап өтті Еділ Жаңбыршин.

Салалық комитет төрағасы Қазақстан қабылдаған халықаралық міндеттемелерге сәйкес 2030 жылға қарай елдің энергиялық баланстағы жаңартылатын қуат көздерінің үлесін кемінде 15 пайызға жеткізу қажет екенін де еске салды.

Депутаттар министрге ЖЭК-ті электр энергиясын жалпы тарату желісіне интеграциялау шарттары, тұтынушылар үшін тариф жүктемесінің өсуіне жол бермеу шаралары, ЖЭК құрылысындағы жергілікті қамту үлесіне қойылатын талаптар және басқа да мәселелер бойынша сұрақ қойды.

Министр Ерлан Ақкенженов депутат Олжас Құспековтің жел электр станса-

ларын салу үшін аталған өңірлердің тандалу себептері туралы сұрағына жауап беріп, Қарағанды және Павлодар облыстары жел ресурсына бай екенін айтты. Сонымен қатар бұл аймақтарда өнеркәсіптің дамуына байланысты электр энергиясына сұраныс артып келе жатқанын, алдағы уақытта деректерді өңдеу орталығын салу жоспарланып отырғанын жеткізді.

Сондай-ақ Мәжіліс 2024 жылғы 6 қарашада Бішкекте жасалған Түркі мемлекеттері ұйымының Азаматтық қорғау тетігін құру туралы келісімді ратификациялады.

Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушы Кеген Тұрсынбаев өз баяндамасында бұл құжат мүше мемлекеттер мен бақылаушы мемлекеттердің, сондай-ақ басқа елдердің аумағында

туындауы мүмкін табиғи апаттар мен төтенше жағдайларға бірлесіп ден қою тетігін құруға бағытталғанын айтты.

Заң жобасы бойынша жұмыс тобының жетекшісі, депутат Аян Зейнуллиннің айтуынша, Азаматтық қорғау тетігінің негізгі функцияларына төтенше жағдайларға ден қою, адам өмірі мен мүлкін құтқару, медициналық көмек көрсету, жедел байланысты қамтамасыз ету, қауіп-қатерлерді мониторингтеу және талдау, уақытша баспана ұсыну, апаттар мен төтенше жағдайлар кезінде гуманитарлық көмек көрсету, сондай-ақ олардың алдын алу және дайындықты қамтамасыз ету жатады. Маңызды бағыттардың бірі — төтенше жағдайды басқару саласында жұмыс істейтін барлық деңгейдегі персоналдың кәсіби құзыретін арттыру мақсатымен өндірістен қол үзбей, бірінғай кәсіби даярлау стандарттарын әзірлеу, теориялық және практикалық оқу бағдарламаларын ұйымдастыру.

Бұдан бөлек, жалпы отырыста Мәжілістің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитеті 1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне Қазақстанның қосылуы туралы хаттамаға қосымша болып табылатын Көрсетілетін қызметтер бойынша Қазақстан Республикасының ерекше міндеттемелерінің тізбесіне өзгерістер енгізу туралы заң жобасын, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және Моңғолия арасындағы уақытша сауда келісімін ратификациялау туралы заң жобасын жұмысқа қабылдады.

Жалпы отырыстың соңында депутаттар әлеуметтік және экономикалық маңызы бар мәселелер бойынша мемлекеттік органдарға 19 депутаттық сауал жолдады. Олардың барлығы Мәжілістің ресми сайтында және Telegram-арнасында жарияланған.

Кербез ЕСІМ

Жамбыл облысында мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау көрсету бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде. Бұл ретте 2-4 пайыздық квотаның сақталуына және жұмыс орындарында қолжетімді орта құруға ерекше назар аударылып отыр.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ЖІТІ НАЗАРДА



«Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында «AMANAT» партиясы Жамбыл облыстық филиалы жанындағы жұмыс тобы Тараз қаласындағы әлеуметтік нысандарға мониторинг жүргізді. Мұндағы мақсат — мүгедектігі бар адамдарға арналған квота талаптарының сақталуын және қолжетімділік жағдайын тексеру.

Мониторинг жүргізу барысында жұмыс тобы 400-ден астам адам еңбек ететін №2 қалалық емхананы аралады. Онда мүгедектігі бар 7 қызметкер жұмыс істейді. Тексеру нәтижесінде инфрақұрылымдық қолжетімділікке қатысты бірқатар кемшілік анықталды. Мекеме басшылығына осы олқылықтарды жою бойынша нақты ұсыныстар беріліп, оның бір бөлігі жедел орындалды. Сондай-ақ жұмыс тобы Тараз қаласындағы әуежай жағдайымен танысты. Онда мүгедектігі бар адамдардың кедергісіз қозғалуына қажет лайықты жағдай жасалған және квота талаптарын толық сақталуда.

Сонымен қатар Жамбыл политехникалық жоғары колледжінде де мониторинг жүргізілді. Бұл оқу орнында мүгедектігі бар 6 азамат жұмыс істейді. Білім беру ордасында

квота талаптары орындалып отыр. Жұмыс тобының мүшесі, облыстық мәслихат депутаты Анар Бексұлтанованың айтуынша, мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамту және қолжетімді орта құру мәселесіне тұрақты назар аудару қажет.

«AMANAT» партиясының «Кедергісіз келешек» жобасы аясында біз мүгедектігі бар азаматтарды жұмыспен қамту бойынша квотаның сақталуын зерделедік. Көп мекемеде квота орындалып отыр. Алайда инфрақұрылымдық қолжетімділік мәселесі әлі де сақталуда. Бұл жұмыс тұрақты бақылауда болады. Ал тиісті ұйымдарға нақты ұсыныстар жолданады», — деді Анар Бексұлтанова.

Айта кетейік, «AMANAT» партиясының басым бағытының бірі — ел азаматтарын жұмыспен қамту. Бұл ретте, мүгедектігі бар азаматтарға тең мүмкіндікті қамтамасыз етуге, олардың әлеуметтік интеграциясына және лайықты еңбек жағдайы жасалуына ерекше көңіл бөлінеді. Бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыс әрқес партияның тұрақты бақылауында.

Елнар ЕЛТАЙ



ҚОҒАМ МӘСЕЛЕСІ – ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

«AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалында партиялық бақылау комиссиясының отырысы өтті. Онда Қызылорда қаласы бойынша қоғамдық көліктердің қызметі мен сапасы талқыланып, комиссияның құрамына өзгерістер енгізілді.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ Қызылорда облысы

Жиында комиссия төрағасы Нұркен Бақытбекұлы, ең алдымен партия алдында тұрған Сайлаудың уәделерін орындалу барысына тоқталды. Бұл бағытта Жол картаға енгізілген қала тұрғындарын қоғамдық көліктермен қамтамасыз ету мәселесін баяндады.

«Өздеріңізге белгілі, қала тұрғындарын сапалы қоғамдық көлік қызметімен қамтамасыз ету, жолаушылар тасымалын жақсарту бағытында өңірімізде көптеген жұмыс істелуде. Дегенмен облыс орталығында халық санының өсуі қоғамдық көлікке деген сұранысты жыл сайын арттыруда. Сондықтан бұл салаға қатысты тұрғындар тарапынан айтылатын сын пікірлердің де болуы заңдылық», — деді ол.

Күн тәртібіндегі мәселеге орай Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов қоғамдық көлік қызметіне қатысты атқарылған жұмыстарға кеңінен тоқталды. Оның айтуынша, қалаішілік жолаушылар тасымалы «Қызылорда автобус паркі» ЖШС арқылы үйлестіріледі.

Жалпы, 2017 жылы өңірде заманауи талапқа сай автобус паркінің жаңа ғимараты қолданысқа берілген. Соңғы жылдары қалада жолаушылар тасымалы бағытының ауқымы ұлғайып келеді. Мәселен, 2022 жылы серіктестік 5 бағыт бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырған болса, бүгінде 32 бағыт бойынша қызмет көрсетеді. Барлық қалаішілік бағыттарда жолаушыларды тасымалдайтын автобустар 2GIS, Яндекс GO және Яндекс Карта уялы қосымшасына тіркелген. Сондай-ақ облыс әкімінің қолдауымен 2022-2024 жылдары Қызылорда қаласының қоғамдық көлік мәселесін түбегейлі шешу үшін «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы табиғи газбен жүретін Yutong ZK6852 HG маркалы 300 дана автобус алынды.

Өз кезегінде қала әкімінің орынбасары халыққа қызмет көрсету сапасын арттыруға, такси қызметтеріне тиімді баға қалыптастыруға бағытталған «Эко такси» қызметі жөнінде де атап өтті.

«2024 жылы Қызылордада қалаішілік көлік қатынасын одан әрі жетілдіру үшін «Қызылорда автобус паркі» ЖШС-не 1 млрд 100 млн теңгеге 100 жаңа электро-мобиль сатып алынды. «Эко такси» қызметіне

тапсырыс «Апару», «Яндекс» және «Жұлдыз ТАХІ» мобильді қосымшалары арқылы қабылданады. Бұл бәсекелестікке кері әсерін тигізбей, керісінше, халыққа қызмет көрсету сапасын арттырып, қоғамдық көлік мәселесін шешуге оң әсерін тигізеді», — дейді қала әкімінің орынбасары.

Күн тәртібіне сәйкес Партиялық бақылау комиссиясы құрамына Партиялық бақылау департаменті мен облыстық филиал басшылығының келісімімен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қызылорда облысы бойынша филиалы басшысы Фарида Қалиева, облыстық кәсіподақтар орталығының төраға орынбасары Марат Бөйімбетов және Қазақстан Зангерлер одағының мүшесі, «Әділет» құқықтық қызмет көрсету орталығының жетекшісі Дәулет Ізбасарұлы қабылданды.

Жиынды қорытындылаған партияның облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай бұл салаға қатысты Сайлауды бағдарламаға енген жұмыстар толығымен жүзеге асқанын тілге тиек етті. Сонымен қатар қоғамдық көліктердің қала тұрғындарына сапалы және уақыттылы қызмет көрсетуіне қатысты ұсыныстарын білдіріп, олардың орындалуы партиялық бақылауға алынатындығын жеткізді.

РЕФОРМА

29 ҚАҢТАР 2026 | БЕЙСЕНБІ

МЕМЛЕКЕТТІҢ МӘРТЕБЕСІ
АЙШЫҚТАЛАДЫ

(Басы 1-бетте)

Мадияр ТӨЛЕУ

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ
ЫҚПАЛЫ АРТАДЫ

Кезекті жиында конституциялық новеллалар мемлекет миссиясын, оның функцияларының мазмұнын, мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар мен азаматтар арасындағы өзара қарым-қатынас қағидаттарын жаңа қырынан түсінуге мүмкіндік беретіні, азаматтық қоғам институттарын мемлекеттік маңызы бар мәселелерді шешуге кеңінен тартуға жол ашылатыны айтылды. Осыған қарап, Конституция мазмұнының жанарып, түбегейлі өзгеретінін болжай аламыз.

Басқосуда сөз болған тағы бір жаңалық — Қазақстан Конституциясының преамбуласының редакциясы толықтай жаңартылады. Енді мемлекет пен діннің өзара ықпалдастығы нормаларын жетілдіру ұсынылмақ. Конституциялық Сот төрағасының орынбасары Бақыт Нұрмұхановтың айтуынша, Конституцияның преамбуласын жаңа редакцияда толық өзгерту ұсынылып отыр, ол жаңа ұлттық құндылықтарды және қазіргі заманның талаптарын ескере отырып дайындалған. Сондай-ақ қоғамдық бағдарды анықтайтын мемлекеттің миссиясы, тарихи контекст пен мәдени ерекшеліктер көрініс табады. Жалпы алғанда, преамбула қоғам мен мемлекеттің даму бағытын айқындайды.

— Жобада мемлекеттің мәртебесі анықталған — Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет, ал оның ең жоғары құндылықтары — адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ретінде танылған. «Конституциялық құрылым негіздері» бөлімінде мемлекеттің ұйымдастырылуын, Қазақстанның егемендігін, аумақтық тұтастығын және басқа да маңызды қағидаттарды бекітетін негізгі ережелер көрсетіледі. Сонымен қатар билікті бөлу қағидаты туралы норма жаңаша тұжырымдалды және елдің қолданыстағы құқығы мәселелеріне арналған конституциялық ережелер нақтыланды, — деді Конституциялық Сот төрағасының орынбасары.

Қазіргі замандағы мәселелерді ескере отырып, қоғамдық бірлестіктердің қызметін және олардың мемлекетпен өзара іс-қимылын реттейтін конституциялық ережелер де нақтыланбақ. Мемлекет пен діннің, мемлекеттік рәміздердің және басқалардың өзара іс-қимылын реттейтін ережелер жетілдіріліп жатыр.

ҚҰРЫЛТАЙ



Әлібек НӘУТИЕВ,
Сенат депутаты:

ҚҰРЫЛТАЙ
ЕРЕКШЕЛІГІМЕН
ЕСТЕ ҚАЛДЫ

20 қантарда Қызылорда қаласында өткен Құрылтай өзінің бірқатар ерекшелігімен есте қалды деп айтуға толық негіз бар. Ұлттық құрылтайда елдің болашағы үшін маңызы бар реформалар мен жаңа бастамалар көтерілгені баршамызға мәлім.

Оның алғашқыларының бірі — еліміздің Конституциясына енгізілетін өзгерістер. Бұл мәселеге орай қоғамның барлық саласының өкілі қамтылған Конституциялық комиссия құрылып, өз жұмысын бастап кетті. Бүгінде аталған комиссияның алғашқы қорытындылары шығып, ол жөнінде баспасөзде, әлеуметтік желіде талқылау кеңінен жүріп жатыр. Шындығында, Ата Заңға елеулі өзгеріс енгілі тұр.

Елдің үлкен талқылауында болып жатқан келесі мәселе — елімізде бір палаталы Парламент құрылды. Бұл мәселе көптеген жылдан бері көтеріліп келе жатқанмен, былтыр Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында оның нақты кезеңдерін атап өткен болатын. Әрине, өткен отыз жылдан астам уақытында еліміздің даму кезеңіне сай, көптеген әлеуметтік,



ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ
КҮШЕЙТІЛЕДІ

Қоғамның назарын аударуға тұрарлық түс — Қазақстанда неке мен отбасы құндылықтары конституциялық деңгейде күшейтіледі. Конституцияның адамның жеке басына қол сұқпаушылық, адамның негізгі құқықтарын қорғау және сот билігінің тәуелсіздігіне қатысты нормалары айтарлықтай өзгереді.

Жоба таныстырылымында Конституциялық Сот төрағасының орынбасары Бақыт Нұрмұханов ұсынылған өзгерістердің басты тұстарына ерекше тоқталып, «Негізгі құқықтар, бостандықтар мен міндеттер» атты бөлімнің жаңа атауы қарастырылған мәселелерді толық қамтитынын атап өтті.

— Бұл өмір сүру құқығын абсолюттік дәрежеге көтеру, адамға бағдарланған саясат, адамның жеке басына қол сұғылмаушылық пен «Миранда ережесінің», цифрлық дәуірде жеке мәліметтерді қорғау, ар-намыс пен қадір-қасиетті қорғауды күшейту, әлеуметтік құқықтар мен құқықтық анықтық қағидаттарын бекіту деген сөз. Қазір Конституцияның 7-бөліміндегі сот әділдігі қағидаты ретінде қарастырылып отырған кейбір нормалардың адам құқықтарын қорғау кепілдігі ретінде осы бөлімге көшіріліп, жеке бапқа біріктіріледі. Сөз бостандығы мен шығармашылық еркіндік құқығына жаңа мән-мағына беріліп, демократиялық және құқықтық мемлекетте жеке тұлғаның еркін дамуының маңызды шарты саналатын зияткерлік меншікті қорғау кепілдіктерінің бөлек түрлері белгіленді, — деді Б.Нұрмұханов.

Бұл тармаққа қатысты өзгерістер мұнымен шектелмейді. «Сот жүйесі. Прокуратура. Құқық қорғау тетіктері» бөлімін айтарлықтай жетілдіру көзделген. Сот ісін жүргізу нысандарын кеңейту, әділеттілік пен сот тәуелсіздігінің конституциялық қағидаттарын нығайту, сондай-ақ сот жүйесіндегі қаржы мәселелеріне қатысты маңызды түзетулер енген.

БІРТҰАСТЫҚ — БАСЫМ БАҒЫТ

Комиссия мүшелері адвокатураның құқықтық мәртебесін бекітетін жеке баптың қарастырылғанына назар аударды. Құрылтайдың құрылуына байланысты «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару» бөліміне нақты түзетулер енгізу қажет болғаны айтылды. «Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу» деп аталатын жаңа бөлім Ата Занның мәтінін ең үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес жаңартуға мүмкіндік бермек.

Конституциялық комиссия мүшелері Қазақстан Республикасы Ата Занының негізгі бөлімдеріне түзетулерді дайындау бойынша ауқымды жұмыс атқарып жатқаны көрінеді. Атап айтқанда, ел Парламентінің өкілеттіктері мен рәсімдеріне айтарлықтай ревизия жүргізілді. Бұл туралы Конституциялық Сот төрағасының орынбасары Бақыт Нұрмұханов мәлімдеді.

— «Президент» бөлімінің ережелері тұжырымдамалық тұрғыдан қайта қаралды: президенттік сайлау мен ант беру рәсімінің мерзімі, Мемлекет басшысының Құрылтаймен, Үкіметпен және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы аясындағы өкілеттіктері, сондай-ақ кадр мәселелері мен норма шығару функциялары. Бөлімге вице-президенттің құқықтық мәртебесі мен өкілеттіктеріне арналған жаңа бап енгізілді. Бір палаталы Парламентке көшу ұйымдастыруға қатысты барлық бап жаңартылды. Заң шығару бастамасы құқығы бар субъектілердің тізімі кеңейтілді. Құрылтай қабылдаған заңдармен реттелетін негізгі қоғамдық қатынастардың тізімі кеңейтілді. Заң

«Заң шығарушы органның өкілеттіктері мұқият қайта қаралды. Құрылтайдың сессиялары мен қызметін ұйымдастыруға қатысты барлық бап жаңартылды. Заң шығару бастамасы құқығы бар субъектілердің тізімі кеңейтілді. Құрылтай қабылдаған заңдармен реттелетін негізгі қоғамдық қатынастардың тізімі кеңейтілді. Заң

жобаларын қарау және қабылдау рәсімдерін реттейтін ережелер қайта қаралды, — деді Конституциялық Сот төрағасының орынбасары.

Бақыт Нұрмұханов атап өткендей, республика азаматтары арасынан құрылған Қазақстан Халық Кеңесіне қатысты ережелер жеке бөлімде шоғырланған. Сондай-ақ жаңа жоғары кеңес органы Қазақстан халқының мүдделерін білдіру және заң шығару бастамасы құқығына ие болатыны бекітіледі. Конституциялық соттың құқықтық мәртебесі туралы ережелер де Конституция жобасына енгізілді.

Ал мемлекеттің біртұтастығы, Қазақстан аумағының тұтастығы, бөлінбейтіндігі және оған қол сұғылмаушылығы туралы норма өзгеріссіз қалады.

АРНАЙЫ АЙМАҚТАРҒА
КӨНІЛ БӨЛІНЕДІ

Басты өзгерістердің қатарына арнайы аумақтарға арналған тарауды қосар едік. Конституцияға белгілі бір аумақтарға қаржы саласында арнайы құқықтық режим енгізу немесе «жылдам даму қалалары» деп аталатын қалаларды құру мүмкіндігін қарастыратын норма енгізу ұсынылған. Бұл Астанадағы Халықаралық қаржы орталығының қызметі және Алатау қаласын дамытуға қатысты болмақ. Аталған шаралар республиканың тиімді экономикалық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Бұл ретте Бақыт Нұрмұханов ұсынылып отырған норманы Конституцияның негізгі ережелерімен тығыз байланыста қарастыру қажеттігін атап өтті. Аталған ережелерге сәйкес елдің әкімшілік-аумақтық құрылымы тек қана конституциялық заңмен анықталады.

Осылайша, қазір түзетулер енген Конституцияның алғашқы жобасы әзірленіп үлгерген. Соған қарамастан, Конституцияның реформалау бойынша ұсыныстар әлі де келіп жатқан көрінеді. Конституциялық комиссия отырысының модераторы, Конституциялық Сот төрағасы Эльвира Әзімованың сөзінен осыны байқадық.

— Алдыңғы отырыста біз салыстырмалы кестені жан-жақты талқылап, жобаны мәтіндік нұсқада әзірлеуге келіскен болатынбыз. Ұсыныстар әлі де келіп жатыр. Оның ішінде комиссияның жұмыс органы — Конституциялық сот аппаратына да келеді. Қазір 13 тұлғадан ұсыныстар келді. Барлық материал біздің жұмысымыздың аясында қаралуға тиіс. Дайындалған Конституция жобасының мәтінін мұқият қарау керек болады. Сондықтан қазір мәтінмен топтарда жұмыс істейміз. Сол бойынша нақты тұжырымдалған норма редакцияларымен бірге ұсыныстар беруді сұраймын. Біз оны топтық жұмыс аясында талқылайтын боламыз, — деді Конституциялық Сот төрағасы.

Конституциялық комиссияның жұмысы мұнымен бітпейтіні белгілі. Кезекті отырыс бүгін өткізілмек. Мұнда да салмақты, сарапшылармен талқыланған бастамалар ортаға салынбақ.

ӘДІЛДІК ПЕН
АШЫҚТЫҚ —
ЖАҢА ҮЛГІ

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбай орталық мемлекеттік органдардың қызметшілерімен мемлекеттік қызметті дамыту бағыттары мен алдағы басым міндеттерін талқылауға арналған кездесу өткізді.



Кездесуде Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайдың V отырысында айқындаған бағдарлары аясында мемлекеттік сектордағы ұйымдастырушылық мәдениетті жаңғырту мәселелері қаралды. Аталған өзгерістер мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыруға және қоғам сенімін нығайтуға арналған.

Агенттік төрағасы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру, адамға бағдарланған сервистік аппаратты қалыптастыру және мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру Агенттіктің негізгі басымдықтары екенін атап өтті. Сондай-ақ «Заң мен тәртіп», «Халық үніне құлақ асатын мемлекет», «Адал азамат» қағидаттарын орнықтыру Әділетті Қазақстанды қалыптастырудың институционалдық негізі ретінде белгіленді.

Кездесу барысында мемлекеттік қызметтің гибриді моделін енгізу, жеке және квазимемлекеттік сектордан кәсіби кадрларды тарту, сондай-ақ «Е-қызмет» цифрлық іріктеу жүйесі арқылы ашықтық пен меритократияны күшейту жөніндегі шаралар таныстырылды.

Қорытындылай келе, Дархан Жазықбай мемлекеттік қызметші кәсібі, жауапты және қоғам сеніміне ие тұлға болуы тиіс екенін атап өтіп, ашық, әділ және адамға бағдарланған мемлекеттік қызметтің жаңа үлгісін қалыптастыруға белсенді қатысуға шақырды.

Жанарбек ӘШІМЖАН,
Мәжіліс депутаты:

ҚОҒАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНА
НАҚТЫ БАҒДАР

Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында ел Президенті еліміздің экономикалық, қоғамдық-саяси және әлеуметтік салаларындағы аса өзекті мәселелерге тоқталып, ел-жұрттың көкейінде жүрген сан сауалға жауап берді.

Мемлекет басшысы өз баяндамасында Қазақстан дамуының жаңа кезеңіне сай стратегиялық бағыттарды, терең реформаларды және қоғамды алға бастайтын басты құндылықтарды айқындап өтті.

Тарих пен тағдыр тоғысқан өлкеде Құрылтайдың Сыр бойында өтуі — кездейсоқ шешім емес. «Сыр — Алаштың анасы» деген сөздің астарында ұлт тарихының тұтас бір кезеңі жатыр. Қызылорда — мемлекеттілік идеясының, ұлттық жаңғырудың символы. Президент осы тарихи сабақтастыққа айрықша тоқталды.

Соңғы жылдары Қызылорда облысында ғана емес, тұтас ел көлемінде нақты экономикалық серпіліс байқалады. Мемлекет басшысы келтірген деректер соның айқын дәлелі. Ішкі жалпы өнімнің өсуі, инвестиция көлемінің артуы, жаңа өндірістер мен инфрақұрылымдық жобалардың іске асуы — жүйелі дамуды көрсетеді. Жаңа жылу электр орталығының салынуы, жолдар мен әуежайдың, теміржол инфрақұрылымының жаңғыруы аймақтың ғана емес, жалпы елдің энергетикалық және логистикалық қауіпсіздігін күшейтеді.

Президент баяндамасындағы ең өзекті тақырыптардың бірі — су мәселесі. Арал

тағдыры бір өңірдің ғана емес, бүкіл Орталық Азияның ортақ проблемасы. Солтүстік Аралды сақтап қалу жолындағы жұмыстар, Көкарал бөгетін биіктету, халықаралық келісімдер — жүйелі саясаттың нәтижесі. Су дипломатиясын дамыту, халықаралық су ұйымын құру бастамасы Қазақстанның бұл мәселені тек ішкі емес, жаһандық деңгейде көтеріп отырғанын көрсетеді.

Төрт жылда Ұлттық құрылтайдың ұсыныстары негізінде 26 заң қабылданды. Бұл — сөздің іске айналғанының нақты дәлелі. Әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау, лудомания мен нашакорлыққа қарсы күрес, ономастиканы жүйелеу, еңбек адамдарының мәртебесін арттыру — қоғам сұранысына берілген нақты жауаптар.

Ең маңыздысы, «ұлттың жаңа сапасын» қалыптастыру идеясы формалды ұран емес, қоғамдық санадағы түбегейлі өзгеріске бағытталған нақты бағдар.

Президент ұсынған парламенттік реформа — ел тарихындағы аса маңызды қадам. Бір палаталы Парламентке көшу, Құрылтай атауын сақтау, депутаттар саны мен сайлау жүйесін онтайландыру — барлығы да тиімді әрі кәсіби заң шығарушы орган құруға бағытталған.

Сонымен қатар Қазақстанның Халық Кеңесін құру бастамасы қоғам мен билік арасындағы тұрақты диалогты жаңа деңгейге көтеретін шешім болмақ. Ендігіде Халық Кеңесі кеңесші орган ғана емес,



ұлттық келісім мен бірліктің жаңа алаңына айналады.

Президент өз сөзінде жаңадан жасакталатын Құрылтайдың мандат саны 145 болуы, төрағаның үш орынбасары тағайындалуы, комитет саны сегізден аспауы керегін атап өтті. Сондай-ақ жаңа Парламент ешкімнің қамқорлығы мен қадағалауына мұқтаж емес екенін баса айтып, Президент квотасы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының арнайы квотасын алып тастауды ұсынды.

Мәдениет пен өнер — мемлекеттің рухани тірегі. Театрлар мен музейлердің салынуы, тарихи мұраны ЮНЕСКО тізіміне енгізу, Абай, әл-Фараби, Ясауи ілімдерін жүйелі дәріптеу — ұлттық болмысты сақтаудың маңызды тетіктері. «Ұлттық цифрлық мұра» қорын құру идеясы — өткен мен болашақты жалғайтын алтын көпір.

Президент баяндамасында заң үстемдігі мәселесіне ерекше мән берілді. Қыз алып қашу, тұрмыстық зорлық-зомбылық, немқұрайлық пен жауапсыздық — мұның бәріне қоғам болып тосқауыл қою қажет. Заң бәріне ортақ, ал тәртіп — өркениетті елдің басты белгісі.

ЖАСАНДЫ КОНТЕНТ ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЙДІ

Жасанды интеллектімен жасаған контентті шынайы бейнеден айыру қиынның қиыны. ЖИ-дің қолынан келмейтіні жоқ. Мультфильм де, портрет те жасайды, тіпті бұрын болмаған шындықты көз алдыңа әкелуге қауқарлы. «Жасанды бейне дауысым мен түрімді көшіріп, жалған ақпарат таратама» деп қорқасың. Тіпті, жасанды интеллект жасаған туындыны «шындық» деп сенген кезіміз де болды. Осыған орай, былтыр Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақстанда жасанды интеллект арқылы жасалған кез келген контент арнайы белгімен жариялануы тиіс» деген заңға қол қойды. 16 қаңтардан бастап жаңа ереже күшіне енді.

Көктем ҚАРҚЫН

Биылдан бастап елімізде жасанды интеллект арқылы жасалған кез келген контент арнайы белгімен жариялануға тиіс. Бұл талап «Жасанды интеллект туралы» заңда бекітілген. Жаңа нормаға сәйкес, сурет, видео, аудио немесе мәтін — егер ол жасанды интеллект көмегімен жасалған немесе өңделген болса, пайдаланушы бұл туралы анық әрі түсінікті түрде ескертуі қажет. Яғни, енді интернеттегі кез келген материалды артында адам тұр ма, әлде алгоритм бе оны жасыруға болмайды.

ДИПФЕЙККЕ ЖОЛ ЖОҚ

Заңда «жасанды интеллект жүйелерінің синтетикалық нәтижелері» деген ұғым бар. Бұл — нейрожелілер арқылы жасалған немесе өзгертілген суреттер, видеолар, аудиожазбалар мен мәтіндер. Әсіресе, нақты адамдардың бет-бейнесін, дауысын айнытпай салып, шын мәнінде болмаған оқиғаларды «шынайы» етіп көрсететін контентке ерекше назар аударылады. Мұндай материалдар міндетті түрде «ЖИ арқылы жасалған», «Жасанды интеллект көмегімен жасалды» деген сияқты белгімен жариялануы керек.

Белгі қойылмаса, айыппұл бар. Яғни, жаңа талапты елемей енді жауапкершілікке әкеледі. ЖИ-маркировка талаптарын бұзғаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне айыппұлдар енгізілген. Алғашқы заң бұзған жағдайда: жеке тұлғаларға — 15 АЕК (2026 жылы 64 875 теңге), шағын бизнес пен коммерциялық емес ұйым-

дарға — 20 АЕК (86 500 теңге), орта бизнеске — 30 АЕК (129 750 теңге), ірі бизнеске 100 АЕК (432 500 теңге) айыппұл салынады. Егер заңбұзушылық бір жыл ішінде қайталанса, айыппұл көлемі екі есеге жуық өседі. Ал кей жағдайларда жасанды интеллект жүйесінің жұмысы уақытша тоқтатылып, тіпті мүлде тыйым салынуы мүмкін.

Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева жасанды интеллект көмегімен жасалған фото не видеоны қандай жағдайда таңбалау қажет екенін айтты. Сөзінше, дипфейк ұғымына қатысты сұрақтар туындаған. Депутат оның екі түрі барын айтады. Біріншісі, білім беру немесе басқа саладағы цифрлық контентте қолдану. Бұл жағдайда ЖИ көмегімен фото жасау барысында адамның келісімін алу және жеке деректерді қорғау туралы заң талаптарын сақтау қажет. Екіншісі, алаяқтық және басқа да заңсыз максатта пайдалану. Бұл жағдайда ЖИ көмегімен жасалған өнім экономикалық шығынға әкелді ме немесе адамның беделіне нұқсан келтірді ме деп қаралады. Әрекет түріне қарай артылатын жауапкершілік те әртүрлі.

— Бұл жерде ақпараттық технологияларды пайдалану жауапкершілікті ауырататын мән-жай ретінде қарастырылады. Көпшілік «фото не видеоны жасанды интеллект жүйелері арқылы өңдесем, оны міндетті түрде таңбалауым керек пе?» деп сұрап жатыр. Заңда таңбалауға

қойылатын талаптарға мұқият қарау керек. Ол жерде, шын мәнінде, болмаған оқиғаны болғандай етіп көрсеткен жағдайда таңбалау қажет. Демек, ойдан шығарылған видео, фотоны таңбалау міндетті, — дейді депутат Екатерина Смышляева.

Депутаттың пікірінше, келешекте дипфейкке қатысты қылмыстық кодекске де жауапкершілікті ауыратуға қатысты өзгерістер енгізіледі.

ЖИ КОНТЕНТКЕ СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

Айта кету керек, Қазақстан — мұндай заң жобасын қабылдаған алғашқы елдердің бірі. Оның үстіне, қазірдің өзінде бірқатар платформа сурет пен бейнежазбаларға автоматты түрде арнайы белгі қоя бастаған. Бұл жаңа талаптың іске асуы техникалық тұрғыдан мүмкін екеніне, әрі таңбалаудың қалыпты тәжірибеге айналарына сенім ұялатады.



АЛАЯҚТЫҢ АРАНЫНАН КІМ АРАШАЛАМАҚ?

Қазір екінің бірі интернет-алаяқтардың құрбаны болып кеткендей. Еліміздегі бұл мәселеге әлі де толық құрық салынбай тұр. Қолдағы дерек бойынша, былтыр 28 851 қазақстандық интернет алаяқтардың құрбаны болған. Иә, жылдан жылға заман өзгерген сайын адамдарды арбап-алдау оңайға түсіп жатқан секілді. Сарапшылардың айтуынша, алаяқтардың алдын ораудың бірден-бір жолы — қаржылық сауаттылықты жақсарту.

Әсет ҚАЛИ

Жалпы, 2025 жылдың алғашқы он бір айы онлайн алаяқтықтың шынайы ауқымын айқын көрсетіп берді. Осы кезеңде құқық қорғау органдары интернет алаяқтыққа қатысты 26 300 қылмыстық құқықбұзушылықты тіркеген. Бұл — бір жыл бұрынғы дәл осы уақытпен салыстырғанда 20,3 пайызға көп. Ал 2019 жылдың барлық көрсеткішінен 3,4 есе жоғары. Кейінгі жылдардағы ең жоғары меже де осы болып тұр.

Полицияға шағымданушылар санының артуы да кездейсоқ емес. Онлайн алаяқтар қазақстандықтарға бұрын-соңды болмаған көлемде қаржылық зиян келтіріп отыр. Бас прокуратураның Әлеуметтік қорғау және тергеу комитеті ұсынған деректерге сүйенсек, 2025 жылдың қаңтар-қараша айлары аралығында интернет алаяқтардың әрекетінен келген шығын 11,2 миллиард теңгеге жеткен.

Ең сорақысы, келтірілген шығынның негізгі ауыртпалығы қарапайым халықтың мойнына түскен. Жалпы соманың 96,7 пайызы жеке тұлғаларға тиесілі. Кәсіпкерлер мен бизнес құрылымдары мұндай қылмыстардан салыстырмалы түрде аз зардап шеккен. Олардың үлесі 2,4 пайызды ғана құраса, мемлекетке келген шығын небәрі 1 пайыз шамасында.

АЛАЯҚТАР ПСИХОЛОГТАН КЕМ ЕМЕС

IT маманы Мейіржан Әуелханұлының айтуынша, қазіргі алаяқтардың ерекшелігі адамның санасын бұза алады.

— IT маман ретінде айтарым, қазіргі алаяқтар мықты бағдарламашылардан гөрі, мықты психологтарға көбірек ұқсайды. Ең бірінші кезекте, әрине, бәріміз естіп жүрген телефон арқылы жасалатын шабуылдар тұр. Бірақ олар қазір «картаңыз

бұғатталды» деп жай ғана хабарласпайды, нағыз спектакль қояды. Өздерін құқық қорғау органдарының немесе Ұлттық банктің қызметкеріміз деп таныстырып, WhatsApp-қа жалған қызметтік куәліктерін жіберіп, адамды әбден қорқытып тастайды. Адам үрейленген кезде дұрыс ойлау қабілетінен айырылады, оларға керегі де сол, — дейді Мейіржан Әуелханұлы.

Оның айтуынша, қандайда бір интернет хабарлама келсе, оны саралап, күмәнді емес екеніне толықтай көз жеткізу қажет. Сонда ғана алаяқтарға ұрынбайсыз.

— Біз сияқты мамандар хабарламаның «ішкі құрылысына», яғни қай серверден келгеніне, IP мекенжайына қарап анықтай аламыз. Бірақ қарапайым қолданушының қолында ондай құралдар жоқ қой, сондықтан ең бастысы — көзбен көріп, мимен саралау. Қарапайым қолданушы бірден байқай алатын ең бірінші белгі — ол сілтеме, яғни сайттың мекенжайы. Алаяқтар түпнұсқаға қатты ұқсайтын, бірақ бір-екі әрпі өзгеше сайттар жасайды. Мысалы, kaspi.kz емес, kaspi-bonus.kz немесе kaspiabank.com деп өзгертіп қоюы мүмкін. Асығыс адам мұны байқамай қалады. Екінші белгі — ол «асықтыру». Егер келген хабарлама сізді «тездетіңіз», «қазір жойылып кетеді», «шұғыл» деп енгізіп жатса, бірден тоқтаныз. Банкер немесе мемлекеттік органдар ешқашан сізді дүрліктірмейді, олар ресми түрде, байсалды жазалы, — дейді маман.

ХАЛЫҚ ҚАРЖЫЛАЙ САУАТТЫ МА?

Не дегенмен халықтың осыншама ақшаны жай ғана ұрлатып алуы қаржылық сауатсыздыққа әкеп тірейтіні рас. Көп жағдайда қаржысынан айырылып, айдырап қалған азаматтың алғашқы әрекеті кінәні банктен іздеу. Артығыша құзырлы органдардың табылдырығын тоқырып, жоғалтқан ақшасын қайтарып беруді талап ететіндер де аз емес. Мұндай көріністер талай рет кездескен. Сарапшының сөзін-

ше, банкер камал соғып, есік-терезені қанша мықтыласа да, үй иесі есікті өзі ашып берсе, ешқандай қорғаныс көмектесе алмайды. Бұл күресте технологиядан гөрі, халықтың сауаттылығы әлдеқайда маңызды рөл ойнайды.

— Жоғарыда айтылғанның бәрі сол біздің цифрлық сауаттылық деңгейімізге байланысты. IT маманы ретінде байқай-тыным, біздің отандастарымыздың ең жиі жіберетін және ең өкінішті қателігі — ол сол баяғы SMS-кодты өз қолымен беріп қою. Қанша жерден ескертілсе де, хабарламаның өзінде «Ешкімге айтпаңыз» деп бағырайып жазылып тұрса да, адамдар абдырап қалғанда немесе қорыққанда сол төрт санды айтып қояды. Бұл цифрлық әлемде үйіңіздің кілтің урының қолына өз еркінізбен ұстатқанмен бірдей ғой. Одан кейін біздің менталитетке тән бір нәрсе бар — ол «бастықтан» немесе «орғандардан» қонырау соқса, бірден сену және қатты қорқу. Алаяқтар осы психологияны өте жақсы пайдаланады. «Ұлттық банк» немесе «полиция» деп хабарласқанда, біздің азаматтар сыни ойлап, күмәнданудың орнына, бірден ақталып, айтқанын бұлжытпай орындауға тырысады, — дейді Мейіржан Әуелханұлы.

FinGramota медиа порталының мәліметінше, Қазақстан азаматтарының онлайн алаяқтыққа қатысты қаржылық сауаттылығы арттып келеді. Олардың жүргізген әлеуметтік зерттеулеріне сәйкес, бейтаныс адамдардың ұсыныстарын алаяқтық немесе пирамида схемалары деп тани алатындардың үлесі артуда. 2024 жылы олар тиісті әлеуметтік сауалнамаларға қатысқандардың 50,6%-ын құраса, 2025 жылы олардың үлесі 62,9%-ға жетті. Алданғанын түсінген адамдар бірінші кезекте қылмыскерлермен телефон немесе онлайн байланысын тоқтатушы шешкен. Алаяқтармен кездескендердің тек 20,7%-ы полицияға арыз берсе, қалғандары шағымданбаған екен.

— Жакында цифрландыру бойынша жаңа заң күшіне енді. Енді жасанды интеллектімен контент жасайтын адамдар оның ЖИ екенін ескертпесе, заңды тұрғыда жауапқа тартылуы мүмкін. Қазір жасанды интеллектіні қолдану бойынша курс сататын адамдар көп. Онлайн платформадағы контент пен ақпарат таратудың сапасы осы заңнамалардың арқасында өседі деген ойдамын, — дейді PR маман Дина Ораз.

Көпшілікті мазалайтын басты сұрақ — «қарапайым қолданушы жауапқа тартыла ма?» деген мәселе. Уәкілетті министрліктің түсіндіруінше, көп жағдайда пайдаланушы кінәлі болып саналмайды.

Жауапкершілік ең алдымен жасанды интеллект жүйесінің иесіне немесе оны басқарып отырған компанияларға жүктеледі. Яғни, нейрожеліні жасап, қызметін ұсынатын платформалар негізгі бақылауда болады. Еске сала кетейік, қазірдің өзінде көптеген ірі ЖИ-сервистер автоматты түрде логотип немесе арнайы белгі қоя бастады. Билік өкілдерінің айтуынша, болашақта бұл талап барлық жасанды интеллект платформаларына ортақ стандартқа айналуы мүмкін.

Қазір тойға шақыруды, әлеуметтік роликтерді ЖИ арқылы жасау трендке айналып кетті. Тіпті, білім, медицина саласындағы мамандар тек жасанды интеллектпен жасалған контентті таратып жүр. Сұраныс бар жерде ұсыныс та пайда болған. Нарыкқа ЖИ контентмейкерлер қосылды. Солардың бірі — Мәншүк Әділхан.

— Жасанды интеллектімен жасалған контентті көбіне инстаграмм желісіне жасалды» деген арнайы батырма бар. Соны міндетті түрде басу керек. Өйткені бұл заңды күшіне енген. Біз осы батырманы басқаннан кейін ғана контентті жүктейміз. Жасанды интеллект 2026 жылы пайда болған жоқ. Бұған дейін де жасанды интеллектпен жұмыс істеп жүрдік. Бірақ батырмаға дейін жасаған жұмыстарымды кейін «ЖИ арқылы жасалды» деп редакциялап қойдым.

Жасанды интеллектіге қатысты жаңа заң қоғамға ауадай қажет. Өйткені өзіміз де ЖИ-мен жасалған адам бейнелерін шынайылықтан айыра алмай қалдық. Тіпті, мұндай контенттерде заңға қайшы келетін кейбір дүниелер де айтылуы мүмкін. Жасанды интеллект бағдарламалары бірнеше топқа бөлінеді. Мен қолданатын Google Labs-да 18 жасқа толмаған балалардың тура бейнесін жасатқызабайды. Тек қана анимацияланған мультимедиялық түрін жасауға рұқсат беріледі. Сосын Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұлы сияқты танымал тұлғалардың шынайы бейнесін жасауға

рұқсат етілмейді. Жасанды интеллект тек өзі ойдан құрастырған образды ғана жасауға рұқсат береді. Зорлық-зомбылыққа қатысты қан, кісен сияқты заттарды да жасауға болмайды. Әлеуметтік желіні балалар да пайдаланады. Сондықтан жасанды интеллектіде сүзгі болғаны дұрыс, — дейді Мәншүк Әділхан.

Оның айтуынша, қазір жасанды интеллектімен жасалған контент көп қаралым жинайды. Әлеуметтік роликтерге тапсырыс жиі түседі. Бұрын осы тақырыптағы роликтер адам бейнесімен жасалса, қазір мультимедиялық нұсқада жасалады. Және ол ақпарат адамға ұтымды жеткізіледі. Бүгінде медицина қызметкерлері ЖИ контентті өз салаларында жиі пайдаланады. Мысалы, «энергетикалық сусын ішпе, ол зиян» деген ойды жеткізу үшін, ЖИ адам ағзаларын сөйлетіп бейнелейді. Сонда оқырман ағзаға жаны ашып, саламатты өмір салтын ұстанудың пайдасын түсінеді.

— Өкінішке қарай, жасанды интеллектімен жасалған контенттерді таратуда авторлық құқық сақталмайды. Бір адамның жұмысын екінші адам жүктеп алып, тарата береді. Сондықтан амалсыздан жасаған видеоларымыздың сапасы құртылса да, логотипімізді көрсетуге мәжбүрміз. Бұл — авторлық құқықты қорғау мақсатындағы іс-әрекетіміз, — дейді Мәншүк Әділхан.

Ал жасанды интеллектімен жасалған туындының бағасы оның күрделілігіне байланысты. Мысалы, видео 30 секунд болса. Тек бір кадрда, бір кейіпкер сөйлесе — 5000-7000 теңге. Ал бір әлеуметтік роликте 15-20 кадр болуы мүмкін. Сәйкесінше, мұның бағасы 15 000 теңгеден жоғары.

— ЖИ контент жасайтын мамандар сұранысқа ие. Болашақта да бұл қызмет танымалдылығы мен қажеттілігін арттыра береді деп ойлаймын. Менің бұл салада жүргеніме 3-4 ай болды. 2 адамнан курс алып, үйрендім. Парақшама салған контенттерім көп қаралым жинап, танымал бола бастағаннан кейін тапсырыстар түсті. Дегенмен курсты да білікті эксперттен үйрену керек. Мысалы, менің бірінші алған курсым пайдалы болды деп айта алмаймын. Бірақ екінші курсымда тәжірибелік түрде көп білім алдым, — дейді ЖИ контент маманы.

Мақсат — біреу жасаған контентті «табиғи» етіп көрсету емес, керісінше оның қалай және ненің көмегімен пайда болғанын ашық айту. Жасанды интеллект мүмкіндіктері күн сайын кеңейіп келеді. Ал жаңа заң сол мүмкіндіктердің жауапкершілікпен қолданылуына жол ашып. Ендеше Қазақстанда цифрлық кеңістікте шынайылық пен ашықтық басты қағидалардың біріне айналмақ.



АДАМДЫ БАСҚАРАТЫН ЭМОЦИЯ

Алаяқтарға құрбан болғандардың да жиі қателігін айтып кеткенді жөн көрдік. Себебі адам ақшасын жоғалтқанда да асығыс шешімдерді қабылдамау керек. Зангер Бағдат Амандосұлының сөзінше, ең жиі әрі ең ауыр салдарға әкелетін қателіктер дәлелдерді жою мен уақыт жоғалту екен.

— Алданғанын анарған сәтте адамдар сабыр сақтаудың орнына эмоцияға беріліп, алаяқпен жазысқан хат-хабарды өшіріп тастайды немесе «бәрібір табылмайды» деген оймен құқық қорғау органдарына жүгінбей қояды. Осылайша, қылмысты ашуға көмектесетін ең маңызды айғақтар өз қолдарымен жойылады. Тағы бір алаңдататын жайт, жәбірленушілердің кәсіби зангерлерден немесе мамандардан кенес алмауы. Көп жағдайда адамдар мәселені өз бетінше «жабуға» тырысып, заңдық тетіктерді пайдаланбайды. Ал алаяқтардың ең жиі қолданатын айласы — өзін банк қызметкері немесе ресми орган өкілі ретінде таныстырып, SMS-кодтар мен жеке деректерді өз еркімен алдыру. Мұндай сәтте ең бастысы, дереу банкке хабарласып, күмәнді операцияларды тоқтату. Алайда көпшілік осы шешуші қадамды кешіктіріп, қаржылық шығынды одан әрі ұлғайтып алады, — дейді зангер.

Бағдат Амандосұлының кеңесіне сүйенсек, ең алдымен, азамат алаяқпен барлық байланысын дереу үзуге керек. Қандай да бір «мәселені шешіп беремі» деген уәде мен қосымша хабарламаларға жауап беру жағдайды одан әрі ұшықтыруы мүмкін. Одан кейін дәлел жинау: барлық

скриншоттарды (чектер, жазысқан хаттар, нөмірлер) барынша сақтап, қағазға шығару, зангерден кенес алу. Тағы бір маңызды тұсы, істің қай бөлімге жіберілгенін бақылау. Онлайн алаяқтыққа қатысты қозғалған қылмыстық істердің полицияның мамандандырылған бөлімшесіне, яғни CyberPol-ға түсуі аса маңызды. Себебі дәл осы бөлім цифрлық іздерді анықтауға, шоттар мен транзакцияларды бақылауға және халықаралық арналар арқылы жұмыс істеуге бейімделген, — дейді маман.

Сарапшылардың пайымынша, келешекте алаяқтық азаймайды, керісінше, бұдан да күрделі шығындарды өткеруіміз мүмкін.

— Алдағы жылдары күтілетін ең үлкен қауіп ол шындық пен жалғанның шекарасының жойылуы дер едім. Қазірдің өзінде жасанды интеллект бар, бірақ алдағы уақытта «дипфейк» (deepfake) технологиясының дамытыны соңша, сіз видеоқырау арқылы туған анаңызбен немесе балаңызбен сөйлесіп отырмын деп сенуіңіз мүмкін, ал шын мәніде ол цифрлық маска киген робот болуы ғажап емес. Оның мимикасы, көзқарасы, дауысының діріліне дейін айнытпай салып беретін болады. Мұндай алдауды қарапайым көзбен ажырату мүмкін болмай қалады, — дейді ЖИ сарапшысы Мейіржан Әуелханұлы.

Қысқасын айтқанда, алдағы жылдары цифрлық әлемді қауіпсіз болады деп дөп айта алмаймыз. Алаяқтар азаматтардың сеніміне кіріп, қарызға белшенден батырып жатыр. Бұл жағдай тек құқық қорғау органдарының емес, әрбір азаматтың жеке жауапкершілігіне кіреді.

ДАУА

29 ҚАҢТАР 2026 | БЕЙСЕНБІ

ДӘРІМЕН ҚАМТУ САЛАСЫ ҚОЛДАУҒА ЗӘРУ

Көптеген қазақстандық үшін дәрі – өмірдің мәні. Қаншама адамның ғұмыры-денсаулығы толығымен тәуелді осы өнім 51 аптадан бері тоқтаусыз қымбаттап, тарихи рекорд орнатып жатыр. Стратегиялық маңызды саладағы қымбатшылықты құрықтау үшін Мемлекет басшысы Үкіметке міндет қойды. Президент тапсырмаларын іске асыру аясында Қазақстанда тағы 4 жаңа фармацевтикалық зауыт салынбақ. Бірақ өндіріске қозғау салынғанымен, медикаменттердің құны да аспандап барады. Өнім өндірісі мен оның бағасының жарысында кім озады?

А **Елдос СЕНБАЙ**

МАКСАТЫ ӨРШІЛ ЖОБАЛАР

Шенеуніктер фармацевтика саласындағы отандық өндірістің үлесін арттыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқаны туралы үнемі баяндайды. Жуырда Үкімет Денсаулық сақтау министрлігінің «АлТИНФАРМ» ЖШС-мен, «МСП-РОМФАРМ» ЖШС-мен, «Абди Ибрагим Глобал фарм» ЖШС-мен және «Нобел Алматы фармацевтикалық фабрикасы» АҚ-мен арада фармацевтикалық өндірістерді жергіліктендіру жөнінде инвестициялық келісімдер жасасуын мақұлдады. Тиісті қаулыларға Премьер-Министр Олжас Бектенов қол қойды. Бекітілген бұл жобалар бойынша инвестициялардың жалпы көлемі 173 миллиард теңгені құрауға тиіс. Жобаларды іске асыру нәтижесінде 356 атаудағы дәрілік заттардың өндірісі Қазақстанға көшірілуі қажет. Оның қатарында әлеуметтік маңызы бар препараттар да бар. Өндірістік желі онкологиялық ауруларды, қант диабетін емдеуге арналған дәрілерді, сондай-ақ иммунобиологиялық, ауырсынуды басатын, анемияға, қабынуға, суық тиюге, вирусқа, микробтарға қарсы препараттарды қамтиды.

2 жаңа кәсіпорын Алматы қаласында, бір-бірден Түркістан және Алматы облыстарында орналасады деп күтіледі. Бірақ құрылыстар әлі басталмаған. Бәрі жоспар күйінде. Тек мінсіз жоспар сол қағаз жүзінде қалмаса болғаны. Салаға жауапты тұлғалар өзіне артылған сенімді ақтап шықса, елге үлкен игілік келуі мүмкін.

Атап айтқанда, біріншіден, «АлТИН-ФАРМ» ЖШС алдынан кедергілер туындамаса, Алматыдағы «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағында фармацевтикалық зауыт салуды көздеп отыр. Инвестиция көлемі 58,5 млрд теңгеге бағаланыпты. Жаңа зауытта 54 аталымдағы дәрілік затты шығару жоспарланған, оның 35-і – әлеуметтік маңызға ие. Өндірістік портфельге иммунобиологиялық

препараттар, сондай-ақ онкологиялық ауруларды, қант диабетін емдейтін дәрілер кіреді. Кәсіпорында шамамен 60 адам істеуі ықтимал. Стратегиялық серіктес ретінде Sinopharm, Sinovac пен Kangtai Biological Technology компаниялары қатысады.

Екіншіден, «Нобел Алматы фармацевтикалық фабрикасы» АҚ-ның жобасы аясында Алматыда халықаралық GMP стандарттарына сай белсенді фармацевтикалық ингрredientтерді, дәрілік заттар мен биопрепараттарды өндіретін фармкешен салынбақ. Инвестиция көлемі – 39,2 млрд теңге. 53 атаудағы дәрілік зат шығару жоспарланған. Оның 17-сі – әлеуметтік маңызды. Жоба кемінде 200 жұмыс орнын құруды көздейді. Стратегиялық серіктес – әлемге танымал түркиялық Nobel İlaç.

Үшіншіден, «Абди Ибрагим Глобал фарм» ЖШС Алматы облысында көпсалалы өндірістік желілері бар фармацевтикалық кешен құруды қарастырады. Инвестиция көлемі 39 млрд теңгені құрайды. Вирусқа қарсы препараттарды, II типті қант диабетін емдеуге арналған дәрілерді және антианемиялық құралдарды қоса алғанда, 76 атаудағы дәрілік зат шығару жоспарланған. Жоба кемінде 150 жұмыс орнын ашуды көздейді. Стратегиялық серіктес – түркиялық Abdi İbrahim.

Төртіншіден, «МСП-РОМФАРМ» ЖШС Түркістан облысындағы TURAN арнайы экономикалық аймағында және Алматы облысындағы өндірістік алаңдарда жоғары технологиялы фармацевтикалық зауыттар салуға ниетті. 36,7 млрд теңге ақшасын инвестиция ретінде құюға да дайын тұр. Ісі өрге басса, 101 атаудағы дәрілік затты Қазақстанда шығаруға әзір. Оның қатарында ауырсынуды басатын, қабынуға, суық тиюге және микробтарға қарсы препараттар бар. Шамамен 265 жұмыс орны құрылуы ықтимал. Жобаның серіктестері – World Medicine және Rompharm. Жалпы алғанда, осы инвестициялық жобаларды іске асыру аясында шамамен 675 жаңа жұмыс орны ашылуы керек.



ДӘРІ БАҒАСЫ КӨТЕРІЛУ ҮСТІНДЕ

«Зауыттардың салынуы және пайдалануға берілуі Қазақстанда дәрілік заттардың отандық өндіріс үлесін айтарлықтай арттыруға, фармацевтикалық нарықтың импортқа тәуелділігін азайтуға, дәрілік қамтамасыз етудің тұрақтылығын нығайтуға және халықты қолжетімді әрі сапалы отандық дәрі-дәрмекпен қамтуға мүмкіндік береді. Бұл дәрілік қауіпсіздікті арттыру мен денсаулық сақтау жүйесінің орнықтылығын күшейтудегі маңызды элементтердің бірі болмақ», — деп уәде етті Денсаулық сақтау министрлігі.

Алайда Енергургот мониторингтік агенттігінің деректеріне сәйкес, өндіріс көлемінің ұлғаюына қарамастан, елде дәрі-дәрмек бағаларының қымбаттауы өрістеді. «Қазақстанда фармацевтикалық өнімдер бағасы қатарынан 51 ай бойы қымбаттап келеді және айлық динамикада бағаның төмендеуі статистика жүргізіле бастаған кезден, яғни 15 жыл ішінде бірде-бір рет тіркелмеген! 2025 жылғы желтоқсан қорытындысы бойынша фармацевтикалық өнімдер бір айда 0,9%-ға, жылдық есепте 13,6%-ға қымбаттады. Баға өсімі 2026 жылғы қаңтарда да жалғасты», — дейді агенттік сарапшылары.

Бытырғы желтоқсанның қорытындысы бойынша ең айқын қымбаттау әлеуметтік тұрғыдан сезімтал әрі кенінен қолданылатын препараттарда байқалды. «Корвалол» бағасы 23,2%-дан аса, ацетилсалицил қышқылы – 33,9%-ға, парацетамол – 44,6%-ға, белсендірілген көмір 1,5 еседен астамға

қымбаттады. Бұл препараттар халық арасында кен сұранысқа ие әрі тұрақты қолданылатындықтан, инфляциялық әсердің негізгі бөлігін қалыптастырып, дәріхана сегментіндегі баға құбылуына тікелей ықпал етеді. Өзге әлеуметтік маңызды медикаменттер орта есеппен 12%-ға дейін қымбаттаған.

Сөйтіп, отандық фармзауыттар елдегі дәрі-дәрмекке деген тапшылықты өтеп отыр, алайда оның бағасының арзандауына ықпал етпеген. 2025 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында фармацевтикалық өнімдер өндірісінің көлемі 191,2 млрд теңгені құрады. Жыл ішінде өндіріс көлемі 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11,4%-ға артқанымен, инфляцияны ескергенде нақты өсім небәрі 1,9% болды.

Негізгі фармацевтикалық өнімдер өндірісі: 2021 жылы – 198,7 млрд теңге, 2022 жылы – 162,6 млрд теңге, 2023 жылы – 144,3 млрд теңге, 2024 жылы небәрі 171,6 млрд теңге болды. Ал долларлық баламада өндіріс көлемі 2021 жылғы 457,8 млн доллардан 2024 жылы 327,5 млн долларға дейін төмендеген.

САЛАДА ҚАНДАЙ ТҮЙТКІЛДЕР БАР?

Саладағы мәселелер тек бағамен шектелмейді. Мысалға, ақпарат құралдары, сарапшылар көбіне Қазақстанда трансплантацияны күтіп, ақыры алмастыруға аға таба алмай, көз жұматын пациенттерге екпін салады. Бұл тұрғыда басқа бір қорқынышты проблема қалыптасқан екен: зарыға күткен күнге жетіп, табысты ота жасатқан сырқаттар

артынша қажетті дәрімен жете қамтылмай мерт болуы мүмкін.

Бүйрек трансплантациясынан кейінгі науқастардың дәрі-дәрмекпен уақытылы және үздіксіз қамтамасыз етілмеуі проблемасын Денсаулық сақтау министрлігінің штаттан тыс бас нефрологы, медицина ғылымдарының докторы Салтанат Тұғанбекова көтеріп, жауапты ведомстволардың есігін қағып жүр. Оның айтуынша, трансплантациядан кейін кейбір науқас қиындықтарға душар болады.

«Әсіресе, жанадан анықталған науқастар қажетті медициналық көмекті де, өмірлік маңызды препараттарды да әрдайым жедел ала алмай қалатын жағдайлар жетерлік. Бұған қоса мемлекет беретін дәрілер жеткілікті түрде тиімді болмай шығып жатады. Бұл трансплантаттың, енгізілген ағзаның қабылданбауы тәуекелін арттырып, әрі қарайғы емдеуді қиындатады. Осы мәселені шешу науқастардың денсаулығын және өмірін сақтау үшін өте маңызды», — деді сарапшы.

Елдің штаттан тыс бас нефрологы атап өткендей, қазіргі нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес, трансплантациядан кейінгі науқастарға өмір бойы тек бір өндірішінің дәрілері берілуі керек. Бірақ мемлекет бюджетті үнемдеу үшін препараттың қай арзанын таңдауы мүмкін.

Сондықтан маманның пайымдауынша, мұндай кесірлі тәжірибеден бас тартып, бірінші орынға мемлекеттің басты байлығы — адамды қойып, сырқаттарға қажетті дәрілерді арзанқол аналогтарымен алмастыруға жол бермеген жөн. Себебі немқұрайлылық әлемнің кез келген қазынасынан да қымбат трансплантатты тәннің қабылдамай тастауы, салдарынан науқастың жәнтәсіміп етуі қауіпін күшейтеді.

«СҚ-Фармацияның» басқарма төрағасы Нұрлыбек Асылбеков бұл мәселеге ерекше назар аударуға уәде етті. Сонымен бірге проблеманың барын жасырмады: оны жою үшін жанадан анықталған науқастарды қамтуға дәлірек және жүйелі тәсіл қажет екенін мойындады.

Салада қордаланып жатқан басқа да проблема көп: базалық препараттардың қымбаттауы және халыққа қолжетімсіз болуы, «Қазақстанда жасалған» таңбалы кейбір медикаменттердің шынында шетелде өндіріліп, республикада тек құтыға құйылатыны немесе блистерге салынатыны, өндірісті «жергіліктендіру тереңдігінің» тым таяздығы және басқа түйткілдер тезірек шешімін күтеді.

ХАНСЕН ДЕРТІ: КЕСЕЛМЕН КҮРЕС ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗІЛДІ?



Елнор КАБА (қолжазба)

Елімізде Хансен ауруымен сырқаттану деңгейі айтарлықтай төмендеген. 2014-2017 жылдары бұл ауруға 3 адам шалдыққан болса, кейінгі 8 жылда мүлде тіркелмеген. Хансен деген атауы көпшілікке таныс болмауы мүмкін, негізі көпшілік білетін атауы – алапес. Ежелгі өркениет бұл дертке шалдыққандарды Құдайдың қаңарына ұшырағандар деп санағаны айтылады. Ал ел медицинасы бұл кеселдің алдын алу жолында қалай күресіп келеді?

А **Айсұлу СЪЕЗХАН**

Хансен ауруы — өте ежелгі инфекция, микробактериялар арқылы адамнан адамға жұғатын жұқпалы ауру. Адамзат бұл аурумен ежелден бері күресіп келеді. Аурудың жалғыз көзі — осы аурумен ауыратын адам. Кеселдің табиғи көзі жоқ. Кейбір ғалымдар Африкадағы маймылдар мен Оңтүстік Америкадағы сауытты аң (армадилло) секілді сүтқоректілерге әсер етеді дейді. Хансен ауруының негізгі 4 белгісі бар: ауруға шалдыққан адамның терісі зақымданады, кейін зақымданған теріде сезімталдық болмай қалады, яғни тері ауырсынуды, ыстық-суықты мүлдем сезбейді. Бұдан соң шеткі нерв жүйелері зақымдалып, сол бөліктен микробактериялар анықталады. Мамандар осы 4 белгіге қарап, Хансен ауруына диагноз қояды. Хансен ауруының инкубациялық кезеңі 3-7 жыл, кейде 15-20 жылға дейін созылуы мүмкін. Ауруды ерте анықтаудың әдісі жоқ, жұқтырған

адамның бәрінде дами бермейді, тек таратушы болып жүре береді. Ал Mucobacterium leprae инфекциясы организмде сақталып, адам кейін әлсіреп, иммунитет түскен жағдайда дамуы мүмкін. Ауру жұқтырғанда, тіпті 25-30 жылдан кейін пайда болатын жағдайлар бар. Ең бастысы, ауру белгілерін байқаған кезде дәрігерге бару керек, әйтпесе көз көрмей, тіпті өзге шеткі органдардың жұмысы істен шығуы мүмкін.

Хансен ауруын лепра деп те атайды, ал халық арасында «алапес» деп таралып кеткен. Өкінішке қарай, бұрын медициналық сауат болмаған кезде қарапайым халық теріде кездесетін ала-құла белгісі бар дерматологиялық аурудың көбін алапес деген. Мәселен, «витилиго» ауруын да алапес деп жатады. Қазақ республикалық лепрозорийінің бас дәрігері Молдағали Сейталиев те ауруды алапес деп атаудың, тіпті лепра деудің қате екенін түсіндіріп берді.

— Терминологиялық тұрғыдан, алапес деу — үлкен қателік. 1913 жылы бір лепролог

ғалым Ташкентке барғанда, науқастардың тек 10%-ы Хансен ауруына шалдыққан екен, қалғаны — басқа дермоздар. Жұрт терідегі ала дақ белгісі бар аурудың бәрін алапес деп, лепрозорийға бара береді. Өткенде бір басылым беті «Елде алапес ауруы кейінгі кезде тіркелмеген» деп ақпарат жариялап, астына витилигоның суретін салып қойған. Қате түсініктің кесірінен витилигомен ауыратын жандарды бөлектеп, қоғамда қорқыныш тудыруға итермелеп отырмыз. Жазғанда да, сурет жариялағанда да байқау керек. Ғылыми атымен қолданғанымыз жөн. Лепра дегеннің өзі аурудан да ауыр әсер етеді. Қазір Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мамандарына ұсыныс жібердік, Хансен ауруы деп қолдану керек, — дейді М.Сейталиев.

Дәрігердің сөзінше, Хансен ауруы — микробактериялар арқылы жұғатын жұқпалы тері ауруы болса, витилиго — этиологиясы белгісіз, көбіне басқа психологиялық депрессиялардан шығатын ауру. Сондықтан да медициналық терминдердің ара-жігін ажыратып алу керек. Өкінішісі, өткен ғасырларда Хансен ауруын дәл анықтау мүмкін болмағандықтан, халық тері ауруларының бәрін алапес деп ойлап, үреймен өмір сүрген. Алапес диагнозы қойылған адамдардың көбі мүлде басқа аурудан зардап шеккен болуы да мүмкін.

Қазір елімізде Хансен ауруына шалдыққан балалар мен жасөспірімдер жоқ. Өткен

ғасырда ауырған азаматтардың дені егде тартқан. Биылғы деректерге сүйенсек, елде 212 науқас және олармен қарым-қатынаста болған 224 адам бар. Бұл — айтарлықтай аз көрсеткіш. Ауруға шалдыққандардың 80%-ы Қызылорда облысында тұрады. Олар тұрақты түрде толық ем-дом алған, өзге адамдарға да зияны жоқ, сол себепті Хансен ауруынан қауіп деңгейі төмен деп есептеледі.

— Елімізде Хансен ауруы іс жүзінде элиминацияланған. Қазақстан аурудың ауыртпалық деңгейі төмен елдерге жатады. Бүгінде бүкіл әлемде аурудың алдын алу мәселелеріне маңызды рөл берілген. Аурудың қайталануының алдын алу, ескерту жұмысы басым міндет болып қала береді, — дейді Қазақ дерматология және инфекциялық аурулар ғылыми орталығының директоры Роза Қуанышбекова.

Иә, кейінгі онжылдыққа әлем айтарлықтай мол жетістікке жетті. Әлемдік қауымдастықтың және ДДСУ-ның аралас химиотерапиясының нәтижесінде кейінгі жылдары Үндістан, Бразилия және Индонезия сынды жоғары эндемиялық елдерде бұл ауру жойылды, алайда әлемде жыл сайын 200 мыңнан аса адамнан ауру анықталып отыр. Бұл адамдарда аурудың айқын белгілері байқалады, ал олардың отбасылық байланысы шамамен одан 10 есе көп болуы мүмкін. Әлемде бұл аурудан толықтай таза ел жоқ. Тек Иордания аурудан ала деген сертификат алған.

Қазақ жерінде Хансен ауруымен күрес 1929 жылы басталып, КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Қаулысымен лепрозорий ұйымдастыру туралы шешім қабылданған. 20 ғасырдың басында Арал теңізінің жағалауында аурудың үлкен ошағы анықталған еді. Ғасырға жуық уақытта ауру ошағы толығымен жойылды. Қазір Қазақ республикалық лепрозорийі пациенттерді оналту мақсатында жұмыс істеп келеді. Лепрозорий Қызылорда облысында орналасқан, екі диспансері бар. Пациенттер хирургиялық, офтальмологиялық, стоматологиялық, терапиялық және оналтуға қажетті барлық медициналық көмекті тегін ала алады.

— Аурудың соңғы белгісі 2017 жылы анықталған, содан бері ауырған адамдар кездескен емес. Мұның өзі — заңды құбылыс, себебі аурудың негізгі ошағы — лепрамен ауырған адамдар. Бұрын мындаған адам ауырған болса, қазір 212 науқас қана тіркеуде. Науқастарды толық қадағалап тұруға мүмкіндігіміз бар. Жыл сайын медициналық оналтуға жібереміз, — дейді ол.

Негізінен, лепрозорийда ем алып жатқандар өткен ғасырдың 60-70-жылдары ауру жұқтырған. Бас дәрігерінің айтуынша, пациенттердің көбі жас кезінде ауырып, аурудың салдарынан мүгедек болып қалған, не үйлене алмай, жақындары болмай оналту орталы-

ғында қалған көрінеді. Олар мемлекет тарапынан тегін әлеуметтік көмек алады және әлеуметтік тұрғын үйлермен қамтамасыз етілген.

— Лепрозорий науқастарды оқшаулайтын орын емес. Есепте тұрған азаматтардың басқа елдегі медициналық ұйымдарда емдеу-сауықтыру және оналту қызметін алу мүмкіндігі бар. Пациенттердің арасында үнемі медициналық көмекке мұқтаж, баспанасыздар, бас тартылғандар, туыс-туғаны жоқ және белгілі бір тұрғылықты жері жоқ, әлеуметтік баспанаға мұқтаж адамдар бар. Ал лепрамен ауыратындарды диспансерлеу қайталану қаупіне байланысты өмір бойы жүреді, — дейді М.Сейталиев.

Ауруды емдеу тарихына келсек, ел дәрігерлері алғашында түрлі тактиканы қолданған. Бастапқыда нақты шаралар пациенттерді анықтауға және оқшаулауға бағыттала, кейін химиотерапия жүргізу басты міндет болды. Бүгінде Қазақ республикалық лепрозорийі аурудың алдын алу және науқастарды оналтуға көңіл бөліп отыр.

— Аурудың алдын алудағы маңызды қадам — науқастардың денсаулығын қадағалау, бұрын ауырған адамдарда лепраның қайта бой көтермеуіне жол бермеу. Оларды ДДСУ-ның тегін беретін дәрілерімен қамтамасыз етіп отырмыз. Науқастар дәріні тек ауырған кезде ішеді, қазір тіркеуде тұрған 212 адамның ешқайсысы дәрі ішіп жатқан жоқ, — дейді бас дәрігер.

М.Сейталиевтің айтуынша, қазір Хансен ауруы емделетін аурулар қатарына жатады, емі әлдеқашан табылған. Науқастар аралас химиотерапия алады және арнайы схемамен дәрі-дәрмек ішеді. Мысалы, 2017 жылы тіркелген соңғы науқас дәріні арнайы схема бойынша 2 жыл ішкен. Дерт микробактериялар арқылы жұғатын ауру болғандықтан, тек арнайы антибиотиктер емдейді. Аурудың емі болғанмен, өкініштісі, адам ағзасына ауыр зардап тигізеді.

— Басқа ауруларда емделу деген сөз функциясын жоғалтқан органдардың қалпына келуі болса, лепра ауруында олай емес. Мысалы, туберкулезбен, ұқсас микобактериозбен салыстырсақ, туберкулез, негізінен, өкпеге әсер етеді. Өкпені жартылай немесе толық алып тастағанның өзінде, мүше функциясы сәтті емделгеннен кейін толық қалпына келеді. Лепрада адам микробактериядан толық арылады, соны біз емделу деп атаймыз, алайда лепра тақшалары шеткі нерв жүйелерін зақымдайтын болғандықтан, оны қалпына келтіру мүмкін емес. Ауру қоршаған ортаға зиянсыз болғанмен, оның зардабы қалып қояды, — дейді ол.

Дәрігер сөзінше, қазіргі науқастар лепрадан зардап шеккен адамдар ретінде есептеледі. Нерв жүйесі қалпына келмейді, қалпына келу процесі өте баяу жүреді, оған біздің ғұмырымыз да жетпейді екен.

Ескі түсінікте қалып, аурудан қорку — надандықтың белгісі. Дәрігерлер Хансен ауруын жұқпалы аурулардың ішіндегі ең аз жұғатын түрге жатқызады. Бастысы, тұрақты іс-шаралар, саламатты өмір салтын сақтау ауруды түп-тамырымен жоюға сеіп болады демекпіз.

Жыл басынан қызылордалық көпбалалы аналар шу шығарды. Қалалық әкімдікті жағалаған ақжаулықтылар тұрғын үй кезегіне қатысты жағдай ушығып тұрғанын айтып, бізге мұңын шақты.

А **Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,**
Қызылорда облысы



АНАЛАРДЫҢ ЖАНАЙҚАЙЫ

кашпа сөздерді естіп жүрміз. Күнделікті жеті баламды үйге караусыз қалдырып, таң атпастан әкімдікті жағалаумен әбігерге түсіп жүрмін. Бірақ мәселенің оң шешімін табар түрі көрінбейді», — деп мұңын шақты ашынған ана.

Негізінен, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында Сыр өңірінде халықты баспанамен камту, инфрақұрылымды қайта жаңғырту бағытында жылма-жыл тиісті шаралар қабылданып жатқаны жайында құзырлы орындар тарапынан ауыз толтырып айтылып жүр. Бұл тұрғыда облыс әкімдігі таратқан мәліметке сәйкес, 2022-2024 жылдары тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 5 мыңнан астам пәтер табысталыпты. Оның ішінде соңғы үш жылда облысқа қарасты аудандар бойынша 1 800-ге жуық пәтер кілті өз иелеріне берілген. Сонын айқын дәлелі ретінде жаңа жыл қарсаңында жылдағы дәстүрге сай Қызылорда қаласының сол жағалауынан бой көтерген тоғыз қабатты 120 пәтерлік тұрғын үйдің кілті кезекте тұрған отбасыларға берілгені көпке жария болды. Одан бөлек, Арал

қаласында 60 пәтерлік 30 тұрғын үй, Қазалы ауданы Әйтеке би кентінде 80 пәтерлік 40 тұрғын үй әлеуметтік осал топтағы азаматтарға, Байқоңыр қаласында да кезекке сәйкес үйлер табыс-талғанын сүйіншілеп жатыр. Алайда дәл осындай баспана бақытына кенелуге үміт артқан қызылордалық көпбалалы аналар қанша шырылдаса да, жанайқайы құзырлы орындардың назарынан тыс қалғанын түсінбей дәл болып жүр.

«Кейінгі кездері үйіміздің кезегі мүлде жылжымай жатыр. Быыл да бірқатар санаттар бойынша көптеген отбасыларға баспана берілді. Алайда біз секілді көпбалалы аналар ескерусіз қалып қойды. Оның нақты себебі беймәлім. Осы орайда тағы бір айта кететін жәйт, бүгінде баспана беру тәртібін кезек реттілігімен емес, жылмен белгілеп қойыпты. Ал жыл реттілігіне қарайтын болсақ, әлі талай пәтер жағалайтын түріміз бар. Аналардың шымбайына батыр тұрған мәселе — осы. Күніге облыс, қала әкімдігі мен Отбасы банкін жағалаумен шаршадық. Жауапты тұлғалар құрғақ уәдемен шығарып салады. Нақты жауап



ала алмай келеміз. Әкімнің қабылдауына да кіре алмай жүрміз. Ең болмаса, аналарға баспана берілетін уақытын айтпай отыр. Жанайқайымызды естітін құлақ жоқ. Кімге шағымданаарымызды білмей шырылдап жүрміз», — дейді Жанар Шереева.

Сол сияқты 9 баланың анасы Гүлбақыт Төремұраттың да тұрғын үй кезегіне тұрғанына аз уақыт болмапты. Жыл сайын құрғақ уәдеден шаршаған ол мәселенің жедел шешілуін талап етіп отыр.

«Баспана мәселесімен шырылдап жүргеніме 4 ай болды. Кірген есігіміз жоқ. Түрлі сылтаумен шығарып салады. Біз бүгін үй берсін деп отырғанымыз жоқ. Ең болмаса, кезегіміздің қозғалмауы себебін халық алдында ашып айтып берсе болар еді. Бұл сауалымызға да жауап ала алмай отырмыз», — дейді ол.

Наразы топтың айтуынша, көпбалалы аналарға баспана беру мәселесімен бас ауыртып жүрген жан көрінбейді. Қай есікті жағаласа да, түрлі сылтау айтып шығарып салады деп ашынып отыр.

Өз кезегінде ақжаулықтылардың ба-зынасын Қызылорда қаласы әкімдігінен сұрап көрдік.

«Бұл мәселе бойынша нақты шешім айту қиын. Әкімдік тарапынан кезекке қою реттілігін нақтылай алмаймыз. Өйткені жергілікті әкімдіктен тұрғын үй кезегіне қатысты функция алынып тасалды. Қазір кезек реттілігіне қатысты мәселе бойынша жауапты орын Отбасы банк болып табылады. Сондықтан көпбалалы аналардың талабы бойынша кезекпен үй беру мәселесі аталмыш банк арқылы реттеледі», — деп мәлімдеді бұл жайында Қызылорда қаласы әкімдігінен.

Осы орайда әкімдік өкілдері Қызылорда қаласы бойынша өткен жылдың 11 айында 1 112 адам үй алғанын мәлімдеді. Бұған қоса, жуырда тағы қосымша 135 тұрғынға жаңа пәтердің кілті табысталыпты. Негізінен, тұрғындарды баспанамен камту жұмыстары қала аумағында жылма-жыл тұрақты түрде жүргізіліп жатқанын жеткізіп отыр.

Жалпы, аналардың жанайқайы кешелі-бүгін туындаған мәселе емес. Ашынған аналар былтырдан бері әділдік іздеп табандарынан тозып жүргенін алға тартып отыр. Әзірге талай есікті тоздырған 15 көпбалалы ана шағымдарын ескеретін жан табылмайтын тұрғанына наразы. Ал жергілікті әкімдік тарапынан жауапты деген Отбасы банктен әлі күнге дейін нақты шешім болар емес.

Бірнеше жылдан бері «жыр» болған бұралқы иттер мәселесі Ақмола облысында да бар, тіпті кейінгі уақытта аса қатты ушығып бара жатқаны анық байқалады. Көше бойын кезген қаңғыбас иттердің көбейгені соншалық, тұрғындардың өмірі мен қауіпсіздігіне қатер төндіре бастаған. Аймақта кейінгі жылдары ит қапқандардың саны өскен.

БҰРАЛҚЫ ИТТЕРГЕ БАҚЫЛАУ БОЛМАЙ ТҰР

А **Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,**
Ақмола облысы

Әлеуметтік желілерде желдей ескен жұртшылық бұралқы иттердің маза бермей тұрғанына шағымданып, ашы жанайқайын айтып жылдарман болғалы қашан?! Бюджеттің бүйірінен жыл сайын миллиондаған қаржы құйылып, иттерді тіркеу, стерильдеу және чиптеу, екпе салу сияқты тиісті шаралар жүргізіліп жатқандай еді. Алайда бұралқы иттердің саны азаймай, керісінше одан сайын еселеп көбейіп барады. Түйткіл тек желілерде ғана емес, ресми аландарда мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен жиі қызу талқыға түсіп жатыр. Өйткені көше кезген бұралқы иттер жергілікті биліктің жүйесіздігі мен жүгенсіздігінің салдары екені айғақтап отыр.

Күні кеше облыстық қоғамдық кеңестің отырысында облыстық Ветеринария басқармасының есебі тыңдалып, мәселе ашық әрі өткір көтерілді. Баскарма басшысының баядамасында бұралқы иттердің шабуылының салдарынан ауруханаға жүгінгендер статистикасы жай цифр емес, оның артында қаншама адамның үрейі жатқаны айқын көрінеді.

Мәселен, 2023 жылы Ақмола өңірінде жануарлардан 1 744 адам зардап шексе, 2024 жылы бұл көрсеткіш 1 937-ге жеткен. Ал былтыр 2 481 адамды қаңғыған ит қапқан. Яғни, тек екі жыл ішінде жарақат алғандар саны 737 адамға артқан. Бұл өңірде күн сайын орта есеппен жеті адамды ит қауып жатқанын айғақтайды. Олардың арасында бесіктен белі жана шыққан балалар да, жасамыс қарттар да бар.

Қоғамның қауіпсіздігіне қатер төндірген, мәселенің астарында тағы да қаражаттың тиімсіз әрі жүйесіз жұмсалуды жатыр ма деген күдік бар. Өйткені кейінгі бірнеше жыл ішінде ғана бұралқы иттердің санын реттеуге бюджеттен ондаған миллион тенге бөлінген. Ветеринария басқармасының мәліметінше, 2020 жылы 53,1 миллион тенге жұмсалып, 21 мыңнан астам ит пен мысық жойылса, 2021 жылы 48,2 миллион тенгеге 19 мыңнан астам бұралқы иттер құртылған. 2022 жылы



Елдар КАБА (коллаж)

қаржы азайып, жойылған жануарлар саны да екі есеге дейін қысқарыпты. Ал 2021 жылдың соңында қабылданған «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заң бұл саясатты түбегейлі өзгертіп жіберген. Енді иттерді жою емес, оларды ұстап, стерильдеп, екпе салу одан қайта көшеге жіберу жүйесі енгізілген-ді.

Бұл қоғамда жануарларға жауапкершілік пен гуманизмді шындауға тиіс болғанымен, іс жүзінде қоғам қауіпсіздігіне кері ықпалын тигізе бастаған. Заң арқылы бекітілген бағдарлама мен бөлінген миллиардтар күткен нәтиже бере алмағанын уақыт та көрсетіп берді. Чиптелген, кастрацияланған, стерильденген иттер көшеге қайта жіберілген соң, аштық пен тіршілік үшін күрес жағдайында

бұрынғысынша агрессивті мінез танытып, топтасып адамдарға шабуыл жасауын тоқтатар емес. Бұл орайда занның адам қауіпсіздігін екінші орынға ысырып қойғандай көрінеді.

Мәселен, былтыр облыс бойынша қаңғыбас жануарлар мәселесіне 96,4 миллион тенге бөлінген. Бұл қаржы төрт бағытқа — аулау, сәйкестендіру, стерильдеу және уақытша ұстауға жұмсалыпты. Мемлекеттік сатып алу нәтижесінде тоғыз мердігер ұйым анықталған. Оның ішінде коммерциялық кәсіпкерлер, коммуналдық мекемелер және жануарларды қорғау ұйымдары бар. Жыл ішінде 5 500 ит аула-нып, оның 1 650-і ғана қауіпке байланысты жойылған. Бірақ бұл да жеткіліксіз болып шықты.

Бір қызығы, мемлекеттен бұл салаға бөлінген бюджет жылдың ортасына жетпей игеріліп біткен. Ал қосымша қаржы бөлінбегендіктен, ветеринариялық қызметтер тұрғындардың шағымы бойынша өз есебінен ит аулауға мәжбүр болған. Яғни, жүйе қаржылық жағынан да тұрақсыз, жоспарлау жағынан да әлсіз екенін көрсетіп берді.

Бірақ мәселе тек ақшада емес, қоғамдық жауапсыздығы да түйткілдің терендей түсуіне себепкер болып отыр. Құзырлы Ветеринария басқармасы мен жергілікті билік өкілдерінің мәліметінше көпқабатты үйлердің аулаларында, балалар алаңында ит пен мысық асырап, оларды бақылаусыз тамақтандыратын адамдар көбейген.

— Бұл иттердің сол аумаққа тұрақтап, көбейіп, топтасуына әкеліп соқты. Кейбір тұрғындар ит аулау жұмысына кедергі жасап, мердігерлерге қарсы шығып, заң-

туралы» заңмен тыйым салынған. Тек аулау, стерильдеу, екпе салу және қайта жіберу бағдарламасы жұмыс істейді. Жануарды өлтіру тек адам өміріне нақты қауіп төнген немесе арыз жазылған жағдайда ғана болады. Бірақ мұндай фактілер көп емес, — дейді облыстық Ветеринария басқармасының басшысы.

Аймақтағы бұралқы иттер санының артуына жануарларды уақытша орналас-тыратын орындардың да шамадан тыс толып кетуі күрделендіріп жіберген. Баскарма басшысының мәліметінше, қазір Көкшетау қаласындағы иттер паналайтын орында ине шаншар орын қалмаған. Сондықтан биыл жаңа бұралқы иттерді орналастыратын иттер паналайтын орын-дар құрылысына қосымша қаражат бөлу жоспарланғаны айтылды.

— Қазіргі уақытта жер учаскелері анықталып қойды. Атап айтқанда, Астананың іргесіндегі Қоянды ауылында бес мыңға дейін иттерді ұстауға шақталған бес гектар жер бөлінді. Өңірдің басқа да ірі қалаларында осындай шаралар әзірленіп жатыр, — деп толықтырды баскарма басшысы. Дегенмен халықтың ашы жанайқайын тудырып жатқан түйткілді мәселе әлі басы ашық күйінде қалған. Конкурстық рәсімдер басталғанша тағы қанша адам бұралқы иттерден зардап шегетіні, тиісті шаралар жүзеге асырылғанымен, іс жүзінде қаңғыбас ит-мысықтардың санын реттеуге қаншалықты ықпал ете алатыны да әзірге беймәлім болды.

P.S.

Бірнеше мемлекеттік құзырлы орган мен қоғамдық кеңес өкілдері бас қосқан жылы барысында бұл мәселеге байланысты ұсыныстар әзірлеу, қосымша қаржы сұрау, бақылауды күшейту жөнінде шешім қабылданды. Бірақ қағаздағы ұсыныс пен шынайы көшедегі қауіптің арасы әлі де алшақ екені айқын сезілді. Сондықтан жағдайды бақылауға алу үшін тиісті шаралардың іс жүзінде нақты жүзеге асырылуы мен жауапкершілік жүгін тиісті сала өкілдері шынымен сезініп, соған орай шешім қабылдаса жөн болар ма еді дейсің.



АЙНА

29 ҚАҢТАР 2026 | БЕЙСЕНБІ

Шежірелі ШАҒАРДЫҢ СЫРЛЫ БЕТТЕРІ

Баспасөздің міндеті оқырманды бақпаратпен қамту ғана емес. Ол –бір дәуірдің тұтас тарихын уақыт бедерінде сақтайтын негізгі құрал. Соның айқын бір мысалы – Астанамыз елорда болғаннан бергі шежіресін түгендеген, қала архивін қалыптастырған Astana aqshamy және «Вечерняя Астана» газеттері. Қос басылымның жұртшылыққа қызмет етіп келе жатқанына 35 жылдың жүзі болды. Осы уақыт ішінде оқырман қолына тиген газеттің шаһар өмірімен біте қайнасқан бүгінге дейінгі республикаға кеңінен таныс тыныс-тіршілігі жан-жақты сипатталатын жазбалар топтастырылған жинақ жарыққа шықты.

2 ақпан – Ұлттық баспасөз күні. Осындай маңызды күн қарсаңында Ұлттық академиялық кітапханада Astana aqshamy және «Вечерняя Астана» газеттерінің 35 жылдығына орай жарыққа шыққан «Елорда шежіресі» және «В ритме столицы» кітаптарының тұсаукесері өтті. Бұл кітапта елорданың қалыптасу, даму, өркендеу жолының шежіресі, тарихқа айналған айшықты оқиғалар, әр кезеңдегі газет басшыларының, көрнекті қаламгерлердің, білікті авторлардың және ойлы оқырманның естеліктері мен мақалалары жүйеленіп берілген. Осыдан-ақ басылымдардың еліміздің ақпарат кеңістігін байытып, оқырмандарға сенімді жаналықтар мен қызықты материалдар жеткізіп, елдің тыныс-тіршілігін баяндауын үзбегенін көрсетеді. Іс-шараға Сенат және Мәжіліс депутаттары, қоғам қайраткерлері, ғалымдар, зиялы қауым өкілдері, газетте әр жылдары қызмет атқарған бас редакторлар мен журналистер қатысты. Жиын барысында Сенат депутаты, Бас редакторлар клубының президенті Бибігүл Жексенбай журналистика мен бұқаралық коммуникация саласында елеулі еңбек еткені үшін Astana aqshamy газетінің бұрынғы журналисі Рәушан



Мырзахметті, Astana aqshamy («Ақмола ақиқаты») газетінің тұңғыш бас редакторы Кенже Жұмағұлов пен бұрынғы бас редакторы Мағжан Садыханұлын «Ақпарат ардагері» төсбелгісімен марапаттады. Іс-шараға қатысқан қаламгерлер басылым ұжымын «Елорда шежіресі» кітабының жарыққа шығуымен құттықтап, ізгі тілектерін білдірді. Астананың тарихы туралы ең алғашқылардың бірі болып кітап жазғандардың бірі жазушы, публицист Алдан Смайыл қос басылымның қала тарихын қамтуда орны айрықша екенін негізге алды. «Елорда шежіресі» кітабында Astana aqshamy газеті көтерген әр жылдардағы өзекті мәселелер мен Астананың тарихы қамтылғанына ризашылығын білдірді. Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, журналист, әдебиеттанушы Сауытбек Абдрахманов Astana aqshamy газетін жаңа елорданың, қаланың ғана емес, жалпы мемлекеттің орнығуына үлкен үлес қосқан басылым ретінде бағалады. «Арқаның төсінде бастау алған бұл газет үлкен жолдан өтті. Жалпы, қалалық газет деген шартты нәрсе. Мысалы, «Вашингтон пост», «Нью-Йорк таймс» – қалалық газеттер. Сондықтан бұл газет мемлекеттің орнығуына үлкен үлес қосты. Осы газеттің республикаға таралуына мүмкіндік туғаннан кейін Қазақстанның қиыр-қиырынан жазылушылар шығып, олар елорданың тынысынан хабардар болып отырды. Бұл газетте журналистиканың үлкен мектебі қалыптасты. Талай мықты редакторлар жұмыс істеді», – деді Сауытбек Абдрахманов.



Жиын барысында сөз алған Astana aqshamy газетінің бұрынғы бас редакторы, Сенат депутаты Нұртөре Жүсіп осы басылымда елорданың зиялы тобы қалыптасқанын, олар қиын кезеңдерде жанын салып жұмыс істегенін тілге тиек етті. «Astana aqshamy газеті 35 жылдан бері қаланың тыныс-тіршілігін жазып келеді. Осы уақыт ішінде газет қаланың шежірешісі болды деп айтуға болады. Біз де осы басылымда аз-кем қызмет атқардық. Шамамыз келгенше газетті жалпақ жұртқа танытуға атсалыстық. Бауыржан Омаров, Талғат Батырхан, Ғалым Қожабеков сияқты азаматтармен бірге жұмыс істедік. Бұл – жай газет емес, бұл – астаналық газет. Қалалық газет көп. Ал астаналық газет ол екінің бірінің маңдайына бұйырмаған. Газеттің бүкіл баяны жинақталып, үлкен кітап болып шығуы біз үшін ғана емес, келер ұрпақ үшін де қажетті дүние деп есептеймін. Өйткені әр тасқа басып, осылай жинақтап, бар-жоқты түгендеп, еңбек еткен азаматтардың аттарын атап, 35 жылдыққа орай әдемі жинақ жарық көріп отыр. Сарғайса да газеттің ақ парағы, оны да кеп әйтеуір ақтаралы демекші, бұл жерден тарихты тауып оқуға болады. Газеттің артықшылығы – осы», – деді Нұртөре Жүсіп.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның «Қай елдің баспасөзі мықты болса, сол елдің болашағы зор» дегені бар. Бұл сөздің бүгінгі құндылығын академик, филология ғылымдарының докторы Кәрімбек Құрманәлиев Astana aqshamy газеті мысалында түсіндірді. Ол газеттер мен журналдар көркем әдебиет және ғылым мен мәдениеттің барлық жетістігін сақтаудың, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің негізгі құралы екенін жеткізді. Сонымен қатар аталған басылымның үткір ұйымдастырушы деген қағиданы қаперіне алып, игі істерді ілгерілету, елдегі береке мен бірлікті, ынтымақты, ерен еңбекті жұртшылыққа жеткізуде, еліміздің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыруға үндейтін үнқағаздардың алдыңғы қатарында тұратынын айтып, басылым ұжымына ізгі ниетін білдірді.

Қаламгер, публицист Жанарбек Әшімжан «Елорда шежіресі» кітабының жарыққа шығуын ұлт баспасөзіндегі тарихи күн деп есептеді. Бір ұрпақтың ғұмырымен пара-пар уақытқа сай келетін кезеңде жұмыс істеп келе жатқан газет ұжымына ризашылығын жеткізді.

«35 жыл дегеніміз баспасөз үшін аз уақыт емес. Қалалық газет менің жаныма жақын болып тұрады. Жалпы, қалалық газеттердің табиғаты республикалық газеттерден бөлек болады. Қаламыздың тағдыры, күнгейі, теріскейі, бәрі-бәрі осындай басылымдарда қамтылады. Бір қаланың бүкіл тарихи шежіресін жасап шыққан осы қалалық басылымдар. Әр қазақ баспасөзінің басынан алағай да бұлағай кезеңдер өтті. Сондай кезде Astana aqshamy күнделікті жарияланымын тоқтатқан емес. Сондықтан газеттің басшылық қызметіндегі азаматтарға, журналистердің газеттің туын түсірмей күресіп, жоқтан жонып жұмыс істеп жатқандарына ризамыз. Қиын уақыттарда да жұмыс істегеніне қарамастан, қалалық басылымдардың орнын жетекші орынға көтеріп жатыр», – деді Жанарбек Әшімжан.

«Елорда шежіресі» кітабы елорда тарихына, отандық журналистика саласына және тәуелсіз Қазақстан шежіресіне қызығушылық танытатын оқырман қауымға арналған. Жинақтар алдағы уақытта кітапханалар мен білім беру мекемелерінің қорына ұсынылады.

Іс-шара барысында Журналистер одағы атынан Astana aqshamy газетінің бас редакторы Еркін Қыдырға «Парасатты тұлға» төсбелгісі, ал бас редактордың орынбасары Ғалым Қожабековке «Қазақстанның құрметті журналисі» төсбелгісі табысталды, иықтарына шапан жабылып, құрмет көрсетілді.

САРАБДАЛ СӨЗ ИЕСІ

Ұлттық кітапханада жазушы, журналист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жақау Дәуренбековтің туғанына 80 жыл толуына орай «Сарабал сөз иесі – Жақау Дәуренбеков» атты еске алу кеші өтті.



Кешке қаламгердің замандастары, әріптестері, әдебиеттанушылар мен журналистер қатысып, қаламгердің шығармашылығы мен отандық журналистиканың дамуына қосқан үлесін талқылады. Сонымен қатар іс-шара барысында жазушының өмірі мен шығармашылығына қатысты бейнематериалдар ұсынылды.

Жақау Дәуренбеков еңбек жолын Арал аудандық «Толқын» газетінде әдеби қызметкер болып бастаған. Одан кейін «Жас Алаш» (бұрынғы «Лениншіл жас») жалғастарды. Жастар газетінде әдеби қызметкер, аға әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, алқа мүшесі, «Өнер» баспасында бөлім меңгерушісі, Бас редактордың орынбасары болып қызмет еткен. 1994 жылдан бері республикалық «Ана тілі» баспасының директоры болды. Оның «Бөгенауыл балалары» кітабы, «№28 комсомол билеті», «Шұғыла шақ», «Ауылым – алтын бесігім», «Алғашқы сабақ», «Саяқ», «Күн ұясы», «Бір нәзік сәуле», «Ойдауа», «Жағалау» және басқа да повестері оқырман ықыласына бөленген.

ҰЛЫ ДАЛА ЭКРАНДА

5 ақпанда Қытайдың танымал Hunan TV телеарнасында халықаралық музыкалық Voice Beyond Horizon жобасының ресми премьерасы өтеді.

Бағдарламаның түсірілімі толық Қазақстанның туристік локацияларында өтті және 6 өңірді қамтыды. Жоба Димаш Құдайбергеннің бастамасымен қолға алынып, Hunan Broadcasting System медиахолдингімен бірге жүзеге асырылды. Voice Beyond Horizon әртүрлі елдің өнерпаздарын біріктірумен қатар Қазақстанның табиғи әралуандығын және туристік әлеуетін миллиондаған көрерменге таныстырады.

Түсірілімдер Түркістан, Маңғыстау, Алматы және Ақмола облыстарында, Астана мен Алматы қалаларында өтті. Жобаға Қазақстанның, Қытайдың, Қырғызстанның, Италияның, Малайзия мен Сербияның орындаушылары қатысады. Былтырғы жылдың қыркүйек айында олар Қазақстан өңірлерін аралап, 7 мың шақырымнан астам жол жүріп өтті. Жоба бағыты көне Түркістанды, Бозжыраның ерекше көріністерін және Каспий теңізі жағалауын, табиғи інжу-маржанға айналған Қайыңды мен Көбейтүз көлдерін, туристік Саты ауылын, Қапшағай су қоймасын, Щучинск-Бурабай курорттық аймағын қамтыды.

Жобаның ресми көрсетілімі Қытайда аудиториясы 1,9 миллиардтан асатын Hunan TV телеарнасы мен Mango TV цифрлық платформасында, елімізде Qazaqstan ұлттық арнасында өтеді. Жобаға Kazakh Tourism ұлттық компаниясы, Туризм және спорт, Мәдениет және ақпарат министрліктері, Астана, Алматы қалаларының және Алматы, Ақмола, Түркістан, Маңғыстау облыстары әкімдіктері ұйымдастырушылық қолдау көрсетіп, демеушілер ретінде Qazmet, «Қазакмыс», «Алтын Алмас» компаниялары мен Нұрлан Смағұлов қоры да атсалысты.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЙЫСТА ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

Шымкенттегі Cambridge Line оқушылары АҚШ-тың Хьюстон қаласында өткен халықаралық білім сайысында ел намысын абыроймен қорғап, зор жетістікке қол жеткізді.



21-26 қантар аралығында ұйымдастырылған беделді жарыста біздің оқушылар 2 дисциплина бойынша – физика және астрономия және жаратылыстану ғылымдары бағытында бақ сынап, жүлделі ІІІ орынды иеленді. Бұл – білімге деген құштарлықтың, үзіксіз еңбектің және жүйелі дайындықтың айқын дәлелі. Халықаралық деңгейде өз білімін дәлелдеу әр оқушы үшін үлкен тәжірибе әрі болашаққа сенімді кадам. Жеміпаздар Қасымбек Ғаламат және Бақытжан Әлмен – 10-сынып, Дәуренбек Рания – 7-сынып оқушылары. Оқушылардың бұл жетістігінде жетекшінің еңбегі ерекше. Пириев Эльшан – кәсіби бағыт-бағдар беріп, шәкірттерінің әлеуетін ашуға зор үлес қосқан жетекші. Бұл жеңіс тек бір команданың емес, бүкіл Cambridge Line қауымдастығының жеңісі саналады. Алдағы уақытта да биік белестерді бағындырып, халықаралық аренадарда көк Туымызды желбіреге беретініне сенім мол.

Бетті дайындаған Сымбат БЕГІМБАЙ



АIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklamata.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талсырыс №4697

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,